

Дәрістердің қысқаша мазмұны

I-модуль. Ерте орта ғасырлардағы Азия-Африка елдері

Дәріс 1. Кіріспе (1 сағ.).

Дәрісті өткізу формасы: Жалпы шолу түріндегі дәріс

Дәрістің мақсаты: Орта ғасырлардағы Азия және Африка елдері тарихының негізгі проблемалық мәселелеріне, дәуірлерге бөлінуі, хронологиялық шектері және т.б. жалпы мәселелеріне тоқталу

Негізгі сөздері: Азия, Африка, Шығыс, типологиялық ерекшеліктері, формация, өркениет, дәуірлеу, хронология, орта ғасырлар.

Негізгі сұрақтары:

1. Орта ғасырлардағы Азия және Африка тарихының пәні.
2. Азия-Африка аймағының географиялық және климаттық ерекшеліктері.
3. Әдебиеттермен таныстыру

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Жаңа дәуірдегі Батыс Еуропа тарихнамасында пайда болған Еуропа тарихының негізінде қалыптасқан орта ғасырлар түсінігі әлемдік шығыстану ғылымында Шығыс елдерінің де көпғасырлық дәуірін анықтауда қолданылады. Антика дәуірінің аяқталғандығын көрсеткен еуропа тарихының аса маңызды оқиғалары – халықтардың Ұлы қоныс аударуының қуатты толқындары, варвар шапқыншылықтары және Рим империясының құлауы - әлемдік тарихтың, соның ішінде Шығыс тарихының да факторлары болды. Біздің заманымыздың алғашқы ғасырлары Шығыста – ежелгі әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымдардың қирауы, өтпелі формалардың пайда болған уақыты олардың дамуы ортағасырлық қоғамдардың қалыптасуына алып келген еді. Орта ғасырлық құрылымға тән дамудың күрделі де көп қырлы процесі әр түрлі аймақтарда әр түрлі қарқынмен жүрді. Сондықтан да Шығыстағы орта ғасырдың басталуы ретінде алынатын 6-7 ғғ. тек шартты түрде қолданылады, өйткені бұл кезде орта ғасырлық қоғамдар тек Таяу және Орта Шығыста, Үндістан мен Қытайда ғана қалыптасқан еді, ал басқа Шығыс елдерінде осыған ұқсас процесс тек кейінірек ғана іске асты.

Еуропадағы капитализм генезисі мен буржуазиялық революциялар еуропалық ортағасырлардың аяқталуын білдірген еді. Отандық тарихнамада ортағасырлардың жоғарғы межесі ХҮІІ ғ. ортасындағы ағылшын бурж. Рев деп алынады. Алайда ХҮ ғ. аяғы мен ХҮІ ғ. басында Батыс пен Шығыстың «қасіреттің кездесуі іске асты, бұл оқиғалар әлемдік тарихтың бүкіл барысы үшін маңызды салдарларға алып келді, екі аймақ халықтарының тағдырына да зор ықпал етті. ХҮІ ғ. бастап өз эволюциясында суырылып алға шыққан Еуропа державалары сауда экспансиясы мен отарлаушылық басқыншылықтарының объектісіне айналды. Еуропаның динамикалық дамуына қосымша импульс бере отырып, ХҮІ-ХҮІІІ ғғ. сауда және отарлық экспансия Шығыстағы қалыпты тарихи дамуды үзді, Азия және Солт. Африка елдерінің даму үрдісін бұзды.

Шығыстағы ортағасырлық қоғамдар тарихының орталық мәселесі олардың әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымдарының сипаты мәселесі болып табылады. Осыған орай тарихнамада бірнеше концепциялар бар. Әлі күнге дейін бірқатар ғалымдар «азиаттық өндіріс тәсілінің концепциясын жақтайды. Бұл тұжырымдаманы ұсынушы ғалымдар капитализмге дейінгі Шығыс қоғамдарының Батыс Еуропа қоғамдарынан өзгешелігін баса көрсетеді. Өз кезінде К.Маркс енгізген бұл ұғым кейде мемлекеттік өндіріс тәсілі ұғымымен бір ұғым деп түсіндіріледі. Яғни Азия мемлекеттерінің өндіріс пен қосымша өнімнің бөлінісі саласындағы ерекше функциясы, жеке меншіктің әлсіз дамуы немесе мүлде болмауы деп түсінеді.

1-модуль. Ерте орта ғасырлардағы Азия және Африка елдері

Дәріс 2. Қытайдағы феодалдық қатынастардың қалыптасуы III-Xғғ. (2 сағ)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс.

Дәрістің мақсаты: Ерте орта ғасырлардағы Қытайдың әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының негізгі мәселелерін жаңа теориялық, методологиялық негізде қарастыру. Сондай-ақ дәріс шеңберінде мәдениет мәселелері де қамтылады.

Негізгі сөздері: үш патшалық, бытыраңқылық, реформа, ғұндар, көшпелілер, империя, Цзинь, Шу, У, Вэй, Суй, Тан.

Негізгі сұрақтар:

1. Үш патшалық кезіндегі Қытай
2. Қытайдың уақытша бірігуі
3. Суй әулетінің Қытайды біріктіруі
4. Суй империясының ішкі және сыртқы саяси жағдайы
5. Тан әулетінің билігінің орнауы
6. Тан империясының әлеуметтік-экономикалық дамуы
7. Тан империясының сыртқы жағдайы және мәдениеті

Дәрістің қысқаша мазмұны: Әлемдік тарихнама Қытайдағы феодалдық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы туралы. Қытайдағы тарихи процестің циклдылығы туралы теория, бұл процесті басқарудағы мемлекеттің ролі. “Үш патшалық” дәуіріндегі және Қытайдың уақытша бірігуі. Сыма Янь реформасы, Ғұндар, т.б. көшпенділердің шапқыншылығы және оларға қарсы күрес. Қытайдың екіге бөлінуі. ІҮ-ҮІ ғасырлардағы Оңтүстік және солтүстік Қытай. Суй әулетінің Қытайды біріктіруі. Шаруалар соғысы және Суй әулетінің құлауы. Тан әулетінің билігі. Ли Юаньның билікке келуі. “Шаньдундіктер” тобының “гуаньлундіктерге” қарсы күресі. Будда шіркеуі-алғашқы тандық басшылардың тірегі. Тан империясының мемлекеттік құрылысы.

Дүниежүзілік тарихтағы маңызды кезең болып табылатын орта ғасырлардағы шығысаязиялық өркениеттің дамуында Қытайдың ықпалы айқын сезілді. Дәуірдің ең басында, яғни III-ІҮ ғасырларда Қытайдағы біртұтас мемлекет ыдырап, ол саяси бытыраңқылық дәуірді бастан кешті. Орта ғасырлардың басында ежелгі дәуірдегі Қытайдың біртұтас, мықты орталықтанған мемлекеті болған Хань империясының ыдырауы терең әлеуметтік-саяси шайқастардың нәтижесінде жүзеге асты. Хань империясы Тынық мұхиттан Орта Азияға дейінгі, Маньчжуриядан Үндіқытайға дейінгі орасан зор территорияны алып жатқан, 2 мыңжылдық тарихы бар мемлекет еді. Ішкі әлеуметтік шиеленістер нәтижесінде, II-III ғасырлар шеңберінде туындаған «Сары орамалдылар» атты халық қозғалысы Хань империясының құлауына себеп болды. 184 жылы басталған көтеріліс империядағы терең әлеуметтік қайшылықтардан туындаған, қоғамның жаңа сатыға көтерілуін қажетсінген шиеленістерден келіп шыққан жағдай болатын. Осы халық көтерілісінің нәтижесі империяның құлауынан кейін туындаған әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерге әкелді. Мемлекеттік және әлеуметтік құрылымның осыған дейінгі, төрт ғасырдан астам уақыт бойы қалыптасып, орныққан империялық тәртіп жүйесі күйреді. II ғасырдың аяғына қарай император іс жүзіндегі биліктен айрылып, елдің жекелеген аудандарында жергілікті әскери қолбасшылар мен әкімдердің өршіген кезең болды. Сол заманның адамдары бұны бейберекеттік кезеңнің туғанын айтып, бұл дәуірді «бұлыңғыр заман» деп атады. Хань империясының құлауымен елдің жауласушы үш патшалық пайда болды: біріншісі – Солтүстік-батыстағы Дуньхуаннан бастап, шығысында Ляодун түбегіне дейінгі, оңтүстікте Хуайхэ мен Янцзы өзендерінің аңғарларына дейінгі, жерді алып жатқан – Цао Вэй (220-265); екіншісі –

бұрынғы империяның оңтүстік-шығысына ие болған У (22-280); үшіншісі – оңтүстік-батыстағы Сычуань, Ганьсу мен Шэньси провинцияларының оңтүстік бөлігін, Юнань мен Гуйчжоу, Гуанси провинцияларының көпшілік бөлігіне ие болған – Шу-Хань (221-263) патшалықтары. Бұл мемлекеттердің негізін қалаушылар империялық үлгідегі басқару жүйесін орнатуға тырысты. Алайда олардың билігі империялық жүйеден гөрі әскери диктатураға жақын болды.

Қытайдағы осы саяси бөлшектену жағдайы VI ғасырдың аяғына дейін жалғасты. Билік бір әулеттен екінші әулеттің қолына жиі ауысып, мұның өзі елдің сыртқы шапқыншылықтарға қарсы тұруын қиындатты. Нәтижеде IV ғасырдың басында Қытайға солтүсті-батыстан көшпенді халықтар басып кіріп, солтүстіктегі Цзинь империясын жояды. Жергілікті билік елдің орталығы мен оңтүстігінде ғана сақталады. Осы уақыттан бастап елдің саяси тарихы 2,5 ғасыр бойы елдің екіге – Солтүстік және Оңтүстік Қытай болып бөлінуі жағдайында өтеді.

Қытайдың саяси және экономикалық қатынастардағы тұрақтылыққа бет алуы V-VI ғасырлар межесінде байқала бастайды. Армияның көмегімен тақты басып алған Ян Цзянь (589-604) Суй әулетінің негізін қалайды. Ол басқаруда бірте-бірте шенеуніктер аппаратына сүйенеді, басқарудың азаматтық формасын бекітеді. Алайда Ян Цзянның мұрагері Ян Гуан-ди (604-617) деспотиялық басқару тәсілін қолданады. Сарайдың шеткен тыс қазынаны шашып-төгуі, агрессияшыл сыртқы саясат мемлекеттің финансын сарқады. Шиеленісіп кеткен әлеуметтік қайшылықтар халық көтерілістері мен бүліктердің жандануына алып келді.

Сүйлік Ян Гуан-ди билігінің алғашқы жылдарында жүргізілген кең-ауқымды құрылыс жұмыстарының нәтижесінде және тугухуньдермен және басқа да тайпалармен жүргізілген үздіксіз соғыстардың салдарынан халық бұқарасының жағдайы төзгісіз болып қиындап кетті. 609 жылы Ян-ди шаруаларға темір айырлар, орақтар, біздер мен пышақтар ұстауға тиым салған бұйрық шығарды. 610 жылдың басында өздерін Майтрейннің (буддистік құтқарушы мәсіх) жақтастарымыз деп жариялаған бірнеше мың адам Лоянның Цзяньгомьнь қаласындағы император сарайының ауласына басып кіріп, сарай күзетшілерінің қаруын тартып алып көтеріліс бастап кетті. Суй әулетінің әскерлері оларды аяусыз қырып салады. Ян-дидің бұйрығымен кінәлілерді іздестіру шаралары бүкіл Лоянның түкпір-түкпірлерінде жүргізілді. Мыңнан астам отбасы жазалауға ұшырады. Осы жылы Яньмынь қаласының (Шаньси провинциясы) тұрғыны Юй Вэнь-тун, Чжуняның тұрғыны (Гуандун провинциясы) Ван Вань-чан көтеріліс ұйымдастырды. Бұл көтерілістер де басып тасталды, алайда олар Суй әулеті билігінің соңғы жылдары өріс алған кең-ауқымды шаруа қозғалыстарының ізашарлары іспеттес болды. Шаруалардың жағдайы күн санап ауырлай берді, ал ойын-сауыққа берілген Ян-ди барған сайын өз тирандық билігін күшейте түсті.

Кореямен болған соғыс барысында Суй империясы көп адамынан айрылды, оның материалдық ресурстары сарқылды. Ел толықтай дерлік бұрынғы қуатынан айрылып қалды. Ауыр соғыс міндеткерліктері мен алым-салықтары халықты бұдан да зор қиналысқа ұшыратты. Мысалы, 611 жылы, Кореяға үлкен жорыққа дайындық барысында Дунлай портында кемк соғумен айналысып жатқан шеберлер жұмысты тоқтатпастан суда бірнеше тәулік үздіксіз тұруға мәжбүр болды. Олардың денесін жара басып, олар тірідей ірі бастады, олардың 30-40 пайызы қаза тапты. Шаруалар әскер қатарына шақырылып, нәтижеде жер жыртылмай, егін егілмей қалды. Плотиналар мен дамбалар тұрғызылмай, 30 аудан судың астында қалды. Халықтың жағдайы нашарлағаны соншалық адамдар өздерін жаппай құлдыққа сата бастады. Қарапайым халықты аяусыз езгіге ұшыратқан шенеуніктердің қатыгездігі Суй әулетіне қарсы жаппай наразылық бас көтерулерге алып келді.

Ең алғашқы ірі шаруа көтерілістері бірден Шандунның бірнеше ауданы мен Хэбей мен Хэнань провинцияларының аудандарында бір уақытта басталды. Осы аудандардың халқы Корей жорығынан әсіресе қатты зардап шеккен болатын.

611 жылдың күзінде Цзоупиндік Ван Бао тірек пункті Шаньдун провинциясындағы Чанбошань болған жаппай халық көтерілісін басқарды. Дәл осы уақытта Чжанньян тұрғыны Доу Цзянь-дэ, Шулық Чжан Цзинь-чэнь, Сюлік Гао Ши-да басқарған көтерілістер бұрқ ете түсті.

612 жылы Кореяға баса көктеп кірген Ян-ди әскерлері жеңіліс тауып, шегінуге мәжбүр болды. Оның үстіне сол жылы құрғақшылық пен эпидемия басталды. 613 жылдың басында Ян-ди тағы да елдің барлық түкпірлерінен әскерге солдат алды. Шаруалар оның әскерге шақыру туралы бұйрығына жаппай бас көтерулермен жауап берді. Сол 613 жылдың аяғына дейін шаруалар күресі шарпыған территория барынша артып, қазіргі Хэнань, Аньхой, Цзянсу, Чжэцзянь, Гуандун, Шэньси, және Нинся провинцияларын қамтыды. Әсіресе Цзиннен шыққан Мэн Хайгун басқарған көтерілісшілер армиясы ең көп санды болды, оның қатарында ондаған мың жауынгер болды. Курес ауданы Чанбошаннан (Шаньдун) Хуайнянға ауысты. Ян-ди барлық көтерілісшілердің мүліктерін тәркілеу туралы бұйрық шығарды. Соған қарамастан көтерілісшілердің қатары күн санап өсе берді. Суй генералы Ван Ши-чун Цзяннандағы Лю Юань-цзянь басқарған көтерілісшілер әскерін талқандады; Лю Юань-цзянның өзі шайқас үстінде қаза тапты, аман қалғандар тұтқынға түсіп, көтеріліс басылып тасталды. Ван Ши-чун тұтқынға өз еркімен берілгендерге аяушылық беріледі деп ант-су ішкеніне қарамастан, тұтқындардың саны 300 мыңнан асқан кезде олардың бәрін тірідей жерге көміп тастады. Билеушілердің қайырымсыздығы мен екіжүзділігі халықтың қарсылығын одан әрі күшейте түсті.

Халық бұқарасының күресі күшейген сайын көтеріліс шарпыған аудандардың территориясы кеңейе берді. 615 жылы Ян-ди ауыл тұрғындарын қалаларға көшіру туралы жарлық шығарды. Лоянға қайтып бара жатып көшедегі адамдарды көріп, «мұнда әлі халық көп екен ғой», - деді. Ол Ян Сюань-гань көтерілісін басқан кезде аз ғана адам өлтірілген деген ойға келеді. Мұндай террорлық саясат тек император-деспоттың барынша әлсіздігін ғана көрсетіп берді, алайда халықтың қарсылығының өсуіне ешбір кедергісін келтіре алмады. Осы жылы Дунхай тұрғыны Ли Цзы-тун басқарған көтерілісшілер Хуайхэ өзенінен кешіп өтіп Ду Фу-вэйдің көтерілісшілер әскерімен бірікті. Көп ұзамай, оңтүстікке қарай жүре отырып, Ли Цзы-тун Хайлинді басып алды да өзін генерал деп жариялады. Оның қол астында 20 мың адам болған еді. Көтеріліс басқа аудандарға да тарады. Осы жылдың аяғында Суй императоры өз қолбасшысы Фань Цзы-гайға Цзянцзюндегі Цзин Пань-то бүлігін басуға бұйрық берді. Фань Цзы-гай Фэньшуйден солтүстікке қарай жатқан барлық деревняларды өртеп, тұтқынға түскен көтерілісшілерді тірідей жерге көмді. Ашу-ызасы барынша артқан көтерілісшілердің қалдықтары көбіне қарақшылар қатарын толықтырып отырды.

Бақылау сұрақтары:

1. Қытай қай ғасырда үш патшалыққа бөлінді?
2. Бытыраңқылықтың негізгі себептері?
3. Сыма Янь реформаларының мәні?
4. Суй әулеті қашан орнады?
5. Тан империясы қашан билікке келді?

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Е. Лун-ли. История государства киданей. Пер. С кит. В.С.Таскина. –М., 1979.
5. Материалы по экономической истории Китая в раннее средневековье. Пер. С кит. А.А.Бокшанина и Лин Кюнъи. –М., 1980.

Қосымша әдебиет:

1. Установления о соли и чае. Пер. С кит. Н.П.Свистуновой. –М., 1975.
2. Гумилев Л.Н. Хунны в Китае. –М., 1974.

3. Илюшечкин В.П. Сословно-классовое общество в истории Китая. –М., 1986.
4. Лапина З.Г. Политическая борьба в средневековом Китае. –М., 1970.
5. Учение об управлении государством в средневековом Китае. –М., 1985.

Дәріс 3. Ерте орта ғасырлардағы Жапония III-IX ғғ. (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Шолу түріндегі дәріс.

Дәрістің мақсаты: Ерте орта ғасырлардағы Жапонияның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының негізгі мәселелерін қарастыру. Сондай-ақ дәріс шеңберінде ерте орта ғасырлардағы Жапонияның мәдени дамуы да қамтылады.

Негізгі сөздері: Тайка, төңкеріс, мемлекет, реформалар, Тайхоре, орталықтану, феодализм, аграрлық жүйе, клан.

Негізгі сұрақтар:

1. III-ҮІІ ғасырлардағы Жапониядағы этникалық және саяси процестер.
2. Тайка мемлекеттік төңкерісі
3. ҮІІ-IX ғғ. Жапониядағы аграрлық қатынастар
4. III-IX ғғ. Жапонияның мәдениеті.

Дәрістің қысқаша мазмұны: III-ҮІІ ғғ. Жапония. Жапон аралдарын мекендеген халықтың этникалық құрамы туралы түсінік. “Тайка” мемлекеттік төңкерісі. Әкімшілік саласындағы реформалар. ҮІІ-IX ғғ. Жапониядағы аграрлық қатынастар. “Тайхоре” заңдар жинағы. III-IX ғғ. Жапонияның мәдениеті. Аралға Қытай жазуының енуі. Жапон мифтері мен аңыздарының қағазға түсірілуі. Алғашқы жылнамалардың жазылуы. Қолданбалы ғылым салаларының (медицина, тау-кен ісі, құрылыс) дамуы.

Бақылау сұрақтары:

1. Айналар жапон аралдарын қашан қоныстанды ?
2. Алғашқы саяси бірлестіктер қандай негізде қалыптасты?
3. Тайка төңкерісінің мәні неде?

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Документы по истории японской деревни. Пер. О.С.Николаевой. ч. 1. –М., 1966.
5. Пасков С.С. Япония в раннее средневековье (ҮІІ-ХІІ вв.). –М., 1987.

Қосымша әдебиет:

1. Жуков Е.М. История Японии. Краткий очерк. –М., 1939.
2. Хани Горо. История японского народа. Пер. С япон. –М., 1957.
3. Эйбус Х.Т. История Японии с древнейших времен до наших дней. Краткий очерк. – М., 1968.
4. Слеваковский А.Б. Самурай – военное сословие Японии.
5. Кузнецов Ю.Д., Навлицкая Г.Б., Сырицын И.М. История Японии. –М., 1988.

Дәріс 4. Сасанилер дәуіріндегі Иран (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Шолу түріндегі дәріс.

Дәрістің мақсаты: Сасанилер дәуіріндегі Иранның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының негізгі мәселелерін жаңа теориялық, методологиялық негізде қарастыру. Иран қоғамындағы әлеуметтік және діни қайшылықтардың тарихи себептерін ашып көрсету.

Негізгі сөздері: Шах-ан-шах, мабедан мабед, хараг, гезит, зороастризм, Авеста, манихейлік, маздеизм, ішкі саясат, сыртқы саясат.

Негізгі сұрақтар:

1. Сасанилер билігінің орнауы.
2. Мемлекеттің әкімшілік-басқару жүйесі
3. Феодалдық қатынастар генезисі

4. Дін және діни қозғалыстар.
5. ІҮ-ҮІІ ғғ. Иранның сыртқы саясаты

Дәрістің қысқаша мазмұны: Сасанилер билігінің орнауы. Парфян мемлекетінің әлсіреуі, Ардаширдің таққа отыруы. Шапур тұсындағы Сасанилер мемлекетінің түпкілікті орнығуы. Мемлекеттің этникалық құрамы, территориясы, халықтарының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі. Жер салығы /“хараг”/; жан басы салығы /“тезит”/. Арнаулы егін қоймалары. Қолөнершілер жағдайлары. І-Хосровтың феодалдық рента саласындағы реформалары; әскери-әкімшілік саладағы реформалар. Ирандағы ІІІ-ҮҮІІ ғғ. дін және діни қозғалыстар: зороастризм (“Авеста”); манихейлік, оның әлеуметтік мәні; христиандық дін; несториандық, иудейлік дін; маздакидтер қозғалысы. ІҮ-ҮІІ ғасырлардағы Иранның сыртқы саясаты. ІІІ-ҮІІ ғасырлардағы Иранның мәдениеті.

Бақылау сұрақтары:

1. Ардашир қашан таққа отырды ?
2. Хосров қоғамның қай салаларында реформа жасады?
3. жан бас салығы қалай аталды?
4. жер салығы қалай аталды?

Негізгі әдебиет:

1. Сасанидский судебник. Пер. И коммент. А.Г.Периханян. –Ереван, 1973.
2. Крымский А.Е. История сасанидов и завоевание Ирана в раннем средневековье. –М., 1905.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
5. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.

Қосымша әдебиет:

1. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998
2. Пигулевская Н.В. Города Ирана в раннем средневековье. –М.-Л., 1956
3. Иностранцев К.А. Сасанидские этюды. –СПб., 1909.

Дәріс 5. Үндістан ерте орта ғасырларда (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс.

Дәрістің мақсаты: Ерте орта ғасырлардағы Үндістанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының негізгі мәселелерін жаңа теориялық, методологиялық негізде қарастыру. Үнді қоғамындағы әлеуметтік және саяси қайшылықтардың тарихи-объективті себептерін ашып көрсету.

Негізгі сөздері: Қауым, перифирия, раджпут, ассимиляция, гупттар, эфталиттер, гуджара, пратихарлар, вассалдық-иерархиялық жүйе, «джаджмани» түсінігі.

Негізгі сұрақтар:

1. ІІІ-Ү ғғ. Үндістанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы.
2. Гуптар билігінің орнауы және оның империяға айналуы.
3. ҮІІІ-ХІ ғғ. Солтүстік Үндістанның саяси жағдайы.
4. Оңтүстік Үндістан мемлекеттерінің ҮІІІ-ХІ ғғ. қоғамдық-саяси өмірі

Дәрістің қысқаша мазмұны. Гупттар билігінің орнауы. Харши мемлекетінің құрылуы. ҮІІІ-ХІ ғғ. Солтүстік Индияның саяси жағдайы. Раджпуттық князьдықтың құрылуы. Раджпуттар жаулап алушылықтары. Гуджара-пратихарлардың паллдармен күресі. Раджпуттардағы вассалдық-иерархиялық жүйе. Феодалдық иеліктердің түрлері. Раджпуттар билігінің құлауы. Оңтүстік Индия мемлекеттерінің ҮІІІ-ХІ ғғ. қоғамдық-саяси өмірі. Раштракуттер державасы. Чолдар мемлекеті. Чалукилер мемлекеті. Декан мемлекеттерінің өзара соғыстары.

Гуптар әулеті билікке келгенге дейінгі Үндістанның саяси жағдайы төмендегідей болды: І Васудевадан кейін Кушан державасы терең құлдырау жағдайында болып, Ганг алқабына бақылауынан айрылып қалды. Осы уақытта екінші ірі держава – Виндхья

тауынан оңтүстікке қарай жатқан – Сатавахана патшалығы өмір сүруін тоқтатады. Солтүстік Үндістанда әлеуметтік және саяси дамудың әр түрлі сатыларында тұрған көптеген ұсақ мемлекеттер пайда болды. Сондай-ақ тайпа одақтары да қз маңызын жоғалтпады.

Орталық Үндістанда – Чарманвати өзені ауданында – Нагтар әулетінің әр түрлі бұтақтарынан шыққан билеушілер басқарған патшалықтар ең бір елеулі мемлекеттер болды. Батыста – Индтің төменгі ағысынан Нармадаға дейін шак кшатраптары биледі. Солтүстік-батыста олигархиялық кландар билік құрды. Солтүстік-шығыста ежелгі личхавалар кланы маңызды роль атқарды.

III ғ. Соңына қарай Батыс Деканда Вакатаха әулеті көтерілді. Коромандель жағалауында Паллавар үстемдік етсе, Кавери өзенінің оңтүстігінде Пандья мемлекеті орналасты.

Гуптардың бастапқы иеліктері Солтүстік Үндістанның қай ауданда болғаны анық емес. Державаның гүлдену шағында, оның ядросы Бихар, Уттар-Прадештің шығыс бөлігі мен Бенгалияның батысы болды. Әулеттің бірінші өкілін деректер тек Гупта деп береді, бірақ ол туралы басқа еш дерек жоқ.

Державаның нағыз негізін қалаушы Гхатоткачоның ұлы I Чандрагупта болды. Дәл осы кісінің 319 ж. Таққа отыруынан бастап гупт дәуірін бастаймыз. I Чандрагупта махараджадхираджа (қлы патша, патшалардың патшасы) деген жаа титул алады, бұған иран титулатурасы ықпал еткен болуы керек. Мемлекетті империя деп атауға белгілі-бір негіздер де болды – I Чандрагупта уақытысында алтын теңге – динарлар соғылды.

Патшаның басты әйелі ежелгі атақты ру – личхавалардан шыққан Кумарадэви болды. Олардың ұлы Самудрагупта өзінің анасы жағынан шежіресін мақтанышпен келтіреді. Дәл осы алып кланмен одақ Гуптарға жалпыүнділік ауқымда саяси роль атқаруға мүмкіндік берген болуы керек.

Самудрагупта әулеттің билігін одан әрі күшейтіп, мемлекеттің территориясын кеңейтеді. Аллахабад жазбаларына қарағанда Самудрагупта жүздеген шайқастарға қатысып, жүздеген жарақат алған нағыз жауынгер-патша болған. Ол «бүкіл жердің билеушісі» роліне таласқан. Панегирист бұл аймақты 4 категорияға бөледі: біріншісіне Солтүстік Үндістанның орталығында орналасқан мемлекеттер (Арьяварта) жатты. Самудрагупта мұндағы Нагтардың екі мемлекетін жойды (Нагасена мен Ганапатиді). Ары қарай жүре отырып, қазіргі Дели ауданындағы Кота мемлекеті талқандалып, империяға қосылды.

Бақылау сұрақтары:

1. III-IV ғасырлардағы Үндістанның саяси жағдайы қандай еді?
2. Гупта империясын негізін қалаушы кім?
3. VIII-XI ғғ. Оңтүстік Үндістанда қандай мемлекеттер өмір сүрді?
4. Үндістанға ислам діні қашан тарай бастады?

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. История жизни Гиуэн-Тсанга и его странствований по Индии между 629-645 гг. Пер. С франц. В.И.Классовского. –Вестник географического общества. –СПб., 1852, кн. 1, ч. 4, отд. 3.
5. Синха Н.К. и Банержи А.Ч. История Индии. –М., 1954.

Қосымша әдебиет:

1. Каутилья. Артхашастра, или Науки. Пер. с санскр. –М.-Л., 1959.
2. Осипов А.М. Краткий очерк истории Индии до X в. –М., 1948.
3. Всемирная история. –М., 1957, т. 3

Дәріс 6. Араб халифатындағы феодалдық қатынастардың қалыптасуы (2 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Жобаға бағдарланған дәріс.

Дәрістің мақсаты: Ислам негізінде қалыптасқан ертефеодалдық араб мемлекетінің діни, әлеуметтік-саяси даму мәселелерін қарастыруда кафедраның ғылыми жобасының нәтижелерін пайдалану. Дәріс мәселерін қарастыруда дәріскердің ғылыми ізденістерінің нәтижелері де қолданылады.

Негізгі сөздері: Джахилия, көпкұдайлылық, ислам, Құран, Мұхаммед пайғамбар, сүре, аят, халиф, тауа халифтер, халифат, хижра, умма, қауым.

Негізгі сұрақтар:

1. YII ғ. басындағы Аравия
2. Ислам дінінің пайда болуы және ертефеодалдық араб мемлекетінің құрылуы
3. Омейядтар халифатының қалыптасуы
4. Омейядтар мемлекетіндегі қоғамдық қатынастар
5. Аббаситтер халифаты: құрылуы, аграрлық қатынастардың дамуы, саяси жүйесі, әлеуметтік қатынастары
6. Араб-мұсылман мәдениетінің ерекшеліктері

Дәрістің қысқаша мазмұны:

YII ғасырдың басындағы Аравия. Арабтардың исламға дейінгі діни нанымдары және ондағы Меккенің ролі. Ислам дінінің қалыптасуы және Араб мемлекетінің құрылуы. Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен қызметі. Араб мемлекетінің құрылуының алғы шарттары. Аравияның бірігуі. Араб мемлекетінің алғашқы қадамы және жаулап алушылықтары. Араб халифаты. “Халиф” туралы түсінік. Омейядтар халифаты: құрылуы, ішкі саясаты. Екінші азамат соғысы. Әбу-Мүслим көтерілісі және Омейядтар халифатының құлауы. Аббасилер /Бағдат/ халифаты: құрылуы, феодалдық қатынастардың дамуы, салықтың түрлері.

Омейядтар әулеті билігінің соңғы жылдары экономикалық және саяси дағдарыспен ерекшеленді. Сандық жағынан барынша өсіп кеткен және жеткілікті түрде тығыз топтасқан омейядтар мен олардың жақтастары империяның барлық территориясында орасан зор жер иеліктерін меншіктене отырып, елді аяусыз тонап, мемлекеттік қазынаның үлкен бөлігін сіңіріп отырды. Бұл жағдай әрине мұсылман қоғамының барлық топтарының наразылығын тудырмай қоймады. Оның үстіне бұған дейінгі кезеңде қазынаға орасан зор табыстар әкеп тұрған жаңа жерлерді жаулау соғыстары толықтай дерлік тоқтап қалды. Қазынаны толтыру үшін өкімет салық қысымын күшейтіп жіберді, мұның өзі провинция халықтарының наразылығын тудырып, толқуларға алып келді.

Соңғы омейяд халифы II Мерван (744-750) таққа отырған жылы-ақ империяның әр түрлі аймақтарында халықтық қозғалыстар басталып кетті. Бұны 661 жылдан бері билеуші әулеттің бітіспес жауына айналған хариджиттер пайдалана қойды. Олардың Мосул маңындағы басты тірек мекеніндегі кескілескен қарсылығын жою үшін II Мерван бүтіндей бір әскери экспедиция жіберуіне тура келді.

Омейядтарға қарсы шииттік оппозиция айтарлықтай қиындықтар туғызды. Куфа әрқашан да шииттік қозғалыстың орталығы болған еді, бұл жолы да II Мерван кезекті шииттік топтың бүлігімен күресуге мәжбүр болды. Бұл топты халиф Әлидің інісі Жафардың шөбересі – Абдаллах ибн Муавия басқарды. II Мерван Куфадағы бүлікті тұншықтыра алды, бірақ көпұзамай шииттік толқулар Джибал, Ахваз, Фарс және Кирман провинцияларына тарап кетті, соның нәтижесінде бүкіл Батыс Иран шииттер бақылауына өтті.

Билеуші әулетке қатысты дұшпандық сезім қоғамның әр түрлі топтарын қамтыды. Соңғы омейядтардың тұсында өзінің артықшылық жағдайынан айрылып қалған кальбиттік әскер де толқуларға қатысып отырды. Бір сөзбен айтқанда қоғамның барлық топтары өзгерістер күтті.

YIII ғ. екінші жартысында қуатты антиомейядтық топ қалыптасты, оны Мұхаммед пайғамбардың туыс ағасы әл-Аббастың ұрпақтары – Аббасидтер руының жақтастары

басқарды. Олардың басты заңдық айғағы – Омейядтар құрайыш тайпасына кіретін рулардың бірі болғанымен, бірақ Мұхаммед пайғамбар руына жатқан жоқ, ал омейяд көсемдерінің бірі – Абу Суфьян – тіпті ұзақ уақыт бойы пайғамбардың меккелік қарсылысы болды. Олар мұсылман қауымында әділеттік тек билік Мұхаммедтің ең жақын туыстарының, яғни Аббасилердің қолына көшкенде ғана қалпына келтіріледі деп көрсетті.

Аббасилердің өзі шығу тегі бойынша пайғамбармен тек жанама ғана туыстықта болған еді. Әл-Аббас Мұхаммед сондай-ақ пайғамбардың әкесі – Абдаллахтың туған інісі және пайғамбардың немере ағасы - Әлидің әкесі - Әбу Тәлібтің туған інісі болды. Яғни Аббасилер нағыз әлидтер болған жоқ, бірақ кейде Әли ұрпақтарымен тығыз байланыстамыз деп көрсетіп отырды. Халиф тағы жолындағы күресте Аббасилер өз талаптарын әлидтердің бірі Абу Хашим әл-Аббастың ұрпағы – Мұхаммед ибн Әлиге қалдырған өсиетімен негіздемекіші болды. Бұл өсиетте Аббасилерге харизматикалық биліктің берілгендігі жөнінде айтылады.

Омейядтарға қарсы қозғалыстың негізгі орталығы шииттік Куфа болғанымен, аббасилер Хорасан мен Мәуереннаһрдан анағұрлым қолайлы орта тапты. Бұл аймақтарда Омейядтардың әлеуметтік саясатына наразылыққа ұлттық сезімдер қосылып, ол әрине діни формаға ие болды. Антиомейядтық қозғалыстың ерекше белсенді мүшелері Хорасан саудагерлері мен Мерв қолөнершілері болды. Бұлардың көпшілігі исламға жаңадан кірген мавалилер болды, алайда олардың арасында Мұхаммед пайғамбардың бірден-бір заңды мұрагері Әли ибн Әбу Тәліп және оның ұрпақтары деп есептеген шииттер де аз болмады.

Хорасандағы омейядтардың қарсыластары – ирандықтар, шииттердің барлық бағыттар мен ағымдары аббасид Мұхаммед ибн Әлидің барлық осы жақтастары билеуші әулетті құлатып, пайғамбар отбасынан шыққан кісінің басқаруымен теократиялық мемлекет орнатуға ұмтылды. Олардың түсінігі бойынша мемлекеттік істерге толыққанды түрде қатысу үшін шығу тегі бойынша араб болу емес, тек ислам жолына адал болу қажет деп есептеді. Аббасилік насихатшылар өз жағына барлық мұсылмандарды – арабтар мен араб еместерді, шииттер мен суннитерді, хариджиттерді, ауыл мен қала тұрғындарын, керек болса басқа діндегілерді де тартты.

Антиомейядтық көтерілісті басқару үшін Мұхаммед ибн Әлидің ұлы – Ибрахим 747 жылы Хорасанға ирандық маула, әсіре көзқарастағы шиит Әбу Мүслімді жіберді. Ол аз уақыт ішінде Аббасилер жағына бұл уақытта саяси өмірден аластатылған кальбиттерді ғана емес Иранның мұсылман емес халқын да тарта алды. Бұл кезде Аббасилер жағында шиит-экстремистер де көптеп саналатын еді. 747 ж. Әбу Мүслімнің басшылығымен Мервте басталған көтеріліс шынында да жаппай сипат алды. Хорасанның наместнигі арабтарды Халифаттағы араб үстемдігін сақтап қалу жолындағы жауға қарсылық көрсетуге шақырды, бірақ оның үндеуіне құлақ асқан ешкім болмады. 750 жылдың басында Тигрдің солтүстік ағыны - Үлкен Заб өзенінің жағасында аббасилер армиясы II Марван әскерлерінің қалдығына соңғы және шешуші соққы берді. Аббасилер Хорасанды алып, бұдан кейін Дамаскке келіп кірді. 749 ж. Куфа мешітінде Мұхаммед ибн Әлидің ұлы - Әбу-ль-Аббас халиф болып жарияланды, ал қуатты хорасан армиясының алдында әлсіз болған әлидтер бұл шешіммен келісуге мәжбүр болды. Сөйтіп Халифатта аббасилер билігі орнады

Бақылау сұрақтары:

1. Исламның негізін қалаушы кім ?
2. Құранның негізгі идеясы қандай?
3. Халиф сөзінің мағынасы?

Негізгі әдебиет:

1. Абу-ль-Фарадж аль-Исфাহани. Книга песен. Пер.с араб. А.Б. Халидова, Т.Я.Шидфар.- М.,1980.
2. Аграрный строй Османской империи XV- XVII вв. Документы и материалы. Сост.пер.и коммент.А.С.Тверитиновой.-М.,1963.
3. Арабские источники XII- XIII вв.- Л.,1985.

4. Ибн Абд ал-Хакам Абд ар-Рахман. Завоевание Египта, аль-Магриба и ал-Андалуса. Пер. С араб., предисл. И примеч. С.Б.Певзнера. –М., 1986.
5. История Востока. Т. II. –Восток в средние века. –М., 1995.
- Қари З. Мұхаммед пайғамбар: Тарихи әңгіме-баян. –Алматы, 1997.

Қосымша:

1. Али-заде Эльмарқызы. Восстание зинджей в Аббасидском Халифате.-Баку, 1986.
2. Агиджанова С.А. Государство Бабура в Кабуле и Индии. -М., 1977.
3. Беляев Е.А. Арабы, ислам и арабский Халифат в раннем средневековье. –М., 1965.
4. Большаков О.Г. История халифата.-М., 1989.
5. Пиатровский М.Б. Южная Аравия в раннее средневековье: Становление средневекового общества. –М., 1985.
6. Хрестоматия по истории Халифата. Составитель Л.И.Надирадзе. –М., 1968.

II-модуль: ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАР

Дәріс 7. X- ХҮ ғғ. Қытай (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Шолу түріндегі дәріс.

Дәрістің мақсаты: Дамыған орта ғасырлар дәуіріндегі Қытайдың саяси және әлеуметтік-экономикалық қатынастарын ашып, көрсету негізінде нақтылы тарихи оқиғаларға баға беру.

Негізгі сөздері: Әулет, Сун, бес әулет, он патшалық, саяси күрес, реформалар, әскери губернаторлар, цзедушілер, юань, мин, петиция.

Негізгі сұрақтар:

1. Бес әулет пен он патшалық дәуірі.
2. Солтүстіктегі билік үшін күрес.
3. Сун әулетінің билікке келуі.
4. Сун империясының ішкі және сыртқы саяси жағдайы

Дәрістің қысқаша мазмұны:

“Бес әулет пен он патшалық дәуірі”. Солтүстіктегі билік үшін күрес. Цзедушилер (әскери губернаторлар) билігі. Сун әулетінің билікке келуі, оның елде саяси тұрақтылық орнату жолындағы шаралары. Әкімшілік-басқару жүйесіндегі және әскери ұйымдағы орталықтандыру. Саяси күрестің шиеленісуі және реформаторлық қозғалыстың өріс алуы (Оуян Сю, Фан Чжунь-Янь, Вань Ань-Ши). Сун империясының сыртқы жағдайы. Чжу Юань-Чжаннің көтерілісі және Минь мемлекетінің құрылуы. Кітап басу ісінің жетілуі. Ғылымның дамуы. Тарихнаманың одан әрі дамытылуы. Поэзияның, бейнелеу, сәулет және мүсін өнерінің дамуы.

Бақылау сұрақтары:

1. Қытайдағы бытыраңқылықтың себептері қандай?
2. Циклдық даму жолы деген не?
3. Сун әулеті билікке қашан келді?

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Е. Лун-ли. История государства киданей. Пер. С кит. В.С.Таскина. –М., 1979.
5. Материалы по экономической истории Китая в раннее средневековье. Пер. С кит. А.А.Бокщанина и Лин Кюнъи. –М., 1980.

Қосымша әдебиет:

1. Установления о соли и чае. Пер. С кит. Н.П.Свистуновой. –М., 1975.
2. Гумилев Л.Н. Хунны в Китае. –М., 1974.
3. Илюшечкин В.П. Сословно-классовое общество в истории Китая. –М., 1986.
4. Лапина З.Г. Политическая борьба в средневековом Китае. –М., 1970.
5. Учение об управлении государством в средневековом Китае. –М., 1985.

Дәріс 8. Монғолдар билігіндегі Қытай. Мин мемлекетінің Қытай басқыншыларына қарсы күресі (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс.

Дәрістің мақсаты: Монғолдардың Қытайды жаулап алуы мен оның кезеңдерін, монғолдық Юань империясының құрылуы, оның ішкі және сыртқы саяси жағдайын қарастыру

Негізгі сөздері: Монғолдар, жаулаушылықтар, мемлекет, империя, юань, аграрлық қатынастар, салық жүйесі, әкімшілі-басқару.

Негізгі сұрақтар:

1. Монғолдардың Қытайды жаулап алу кезеңдері
2. Юань империясының құрылуы
3. Юань империясының ішкі және сыртқы саяси жағдайы
4. Қытай халқының азаттық үшін жүргізген күресі
5. Мин империясының құрылуы

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Монғолдардың Қытайды жаулап алуының кезеңдері. Юань империясының құрылуы. Монғол империясы орталығының Қытайға ауысуы. Монғол феодалдарының Қытайдың Солтүстігі мен Оңтүстігінде жүргізген саясаты. Чжу Юань-Чжанның көтерілуі және Мин мемлекетінің құрылуы. Жаңа конфуцийшілдік үстем идеология ретінде.

Монғол шапқыншылығы қарсаңындағы Қытайдың саяси тарихына тікелей тоқталатын болсақ, бұл дәуірде Қытай тарихында кезекті бір бытыранқылық орын алып тұрған болатын. X ғасырдың 60 жылдарында негізі қаланған Сун мемлекеті XI ғасырдың алғашқы жылдарында өз территориясының шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шамасы жетпей қидандарға салық төлеп тұруға мәжбүр болады. Осы ғасырдың 40 жылдарында сундіктер мен қидандар арасында жаңа келісім жасалып, сұң билеушілері өз жерінде билік ету құқынан айырылғанын мойындап 300 мың дана жібек мата және 200 мың күміс жыл сайын төлеп тұруға келіседі.

Осы уақытта солтүстік-батысында пайда болған таңғұттардың Си Ся мемлекеті де сундықтарға қауіп төндірді. XI ғасырдың 20 жылдарында Си Ся мықты державаға айналып, 1038 жылы оның билеушісі Юань Хао император титулына ие болды. Күшейген таңғұт мемлекеті қытайлықтарға жиі шабуылдар жасап, нәтижесінде сұң әулеті "1043 жылы таңғұттармен келісімге келіп, жыл сайын 100 мың дана жібек мата және 30 мың цзин май төлеп тұруы қрек болды".

Қытай жеріне шапқыншылықтар мұнымен толастамайды. XII ғасырда Цзинь мемлекетінің негізін салған чжурчжендер де олармен одақтасуға тырысып, нәтижесінде қидандарға қарсы одақ құрылды. Аталған одақ қидандарды талқандап, ендігі кезекте, қытайлар Цзинь империясымен тең құқықсыз келісімге қол қойып, салықтар төлеп тұруға мәжбүр болды.

Қарастырылып отырған дәуірдегі Қытайдың жағдайына келетін болсақ, елдің ішкі жағдайы да тұрақты болмады, император сарайында да, жергілікті жерлерде де өкіметтің солтүстіктегі көршілеріне қатысты ұстанып отырған саясатына наразылық танытып отырды.

Ішкі мәселелерге көп бас қатырған сұң үкіметі шекараны эзер қорғап тұрды және сыртқы саясатты өте бәсең жүргізді. Алғашқы сұң императоры аса қауіпті жау саналған қидандармен бейбіт қатынас орнатуды мақсат етті. Оның ізбасарлары да осы саясатты ұстанып, Ляо мемлекетіне үздіксіз өз өкілдерін аттандырған. 1004 жылғы келісім бойынша Сұң империясы қидандарға жыл сайын орасан зор мөлшерде жібек орамдары мен күміс құймаларын жіберіп отырған. Ол үшін ел ішінде халыққа салынатын салықты ұлғайтуға тура келді.

Сонымен қатар, бұл кезде Қытайдың солтүстік батыс жағында таңғұт (тибет) тайпалары қоныс тепкен болатын. Олар Шэньси, Ганьсу, Ниньси жерлерін басып алып,

Батыс Ся деген атпен белгілі патшалық құрады. Алғашында Ся патшалығы Қытайдың вассалы болып саналған, бірақ XI ғасырдың басында оның жарты миллиондық жақсы даярлықтан өткен атты әскері Қытайдың ішкі аудандарына енеді. Сұндар әскери күш-қуаты басым таңғұттармен соғысуға әскери күші жетпегендіктен, тиісті қарсылық көрсете алмай, олардың дегеніне көнуге мәжбүр болады. Сондықтан 1043 жылы Сүн мемлекеті Батыс Сямен келісімге келуге асығып, оларға жыл сайын 100 мың жібек орамын, 100 мың күміс құймасын және 30 мың өлшем шай беруге уәде береді. Бірақ бұл жағдай да Қытайға керек тыныштықты орната алмайды. Батыс Ся мен Сун империясының арасындағы қарым-қатынас Қытайдың екінші бір қауіпті жауы қидандық Ляо мемлекеті мен Батыс Сяның одақтасуына байланысты шиеленісе түседі.

Шекаралық аймақтарда қалыптасқан күрделі жағдай, күн санап өршіп келе жатқан халық көтерілістері нәтижесінде елдің ішкі өмірінің тынышсыз болуы Қытайды терең әлеуметтік-саяси дағдарысқа алып келді.

Империяның өмірінде табанды да шұғыл өзгерістердің қажеттігін, бір сөзбен айтқанда, реформалық іс әрекеттің жүргізілуін уағыздаушы Фань Чжуньянь (989-1052) "мемлекеттің іргесі шіри бастады, әкімдер шектен тыс көбеюде, халық азап шегуде, жау жағадан алуда, елді тонаушылар еркінсуде" деп жазды.

Реформалық істі жүргізу конфуцийлік дәстүрді негізге алып, яғни анда-санда қоғамдық өмірді сауықтырып отыру үшін алдын-ала өзгертулер жүруі тиіс деген ұғымға сай атқарылды. Ортағасырлық қытай қоғамының жоғарғы топ өкілдері өзара бір-бірімен тығыз байланыста болды. Олардың арасында әсіресе жерлестік, туыстық, отбасылық қатынастар өте жақсы қалыптасты. Елдің оңтүстік-шығыс аймақтарының экономикалық өміріндегі байқалған оңды өзгерістер Оңтүстіктің Солтүстікке қарсы тұруына, соған сәйкес жерлестік принциптің белең алуына әкеп соқты. Барған сайын астаналық ақсүйектер, солтүстіктіктер мен оңтүстіктің провинциялық қызметкерлері арасындағы қайшылық өрши түсті. Бұл күрес императорға кімнің саяси ықпалы күштірек болады деген сипаттағы бәсекеге ұласты.

Оппозициялық көңіл-күй ең алдымен император сарайынан алыста, Көк ұлының қоластындағылардың ой-пиғылына жіті бақылауы әлсіз жерлерде пайда болды. Оппозицияның ең көрнекті өкілдерінің бірі Оңтүстіктегі академияның оқытушысы Фань Чжуньянь еді. Замандастарының берген сипаттамасы бойынша ол ежелгі ілімдерді уағыздап қана қоймай, Аспан асты мемлекетінің жағдайын да жиі ауызға алатын және ештеңеден тайсалмайтын ержүрек азамат азамат болған.

Фань Чжуньянь императорға он мың иероглифтен тұратын баяндамасын ұсынып, онда провинциялардағы әскери және азаматтық қызметкерлерді тағайындаудың принциптерін өзгерту қажеттігі туралы өз пікірін тиянақты түрде мәлімдейді. Сарай маңындағы саяси топтармен ұзақ уақыт бойы бәсекелестік күрестен кейін, Фань Чжуньянь және оның серіктері орталық әкімшілік аппараттағы қызметтерге қол жеткізеді. Реформаның жобасы императорға жіберілген көптеген баяндамаларда көрініс тауып, онда елдің қаржылық және әскери күш-қуатын нығайтудың жолдары баяндалады.

Реформалық әрекеттер ірі жер иелерінің, бай адамдардың, өсімқорлар мен алып-сатарлардың және парпқор әкімдердің мүддесі есебінен жүзеге асырылған болатын. Сондықтан да бұл әрекет осы әлеуметтік топтар мен басқа да мемлекет қайраткерлер тарапынан қарсылыққа кездесті. Қарапайым халық бұл реформалардан көп пайда көре алмады. Реформалар орталық әкімшіліктің және мемлекеттік шаруалардың, ұсақ саудагерлер мен қолөнершілердің үстінен жүргізетін бақылауының күшеюіне ғана жол ашып берді. Реформалық әрекеттер қазынаға салықтың үзіліссіз әрі кедергісіз түсіп тұруында біршама оңды нәтижелерге қол жеткізді.

Елді дүр сілкіндірген терең дағдарыстан шығаруға, әулеттің күйреуге тап болуынан сақтап қалуға бағытталған қайта құрулар, бәрібір ішкі және сыртқы саяси сипаттағы туындаған өткір мәселелерді шеше алмады. Бұрынғысынша шекарадағы тыныштықты

сақтау үшін, солтүстіктегі көршілерге сый-сияпат төлеп тұруға тура келді. Сонымен қатар XII ғасырдың 20-30 жылдары көтерілістік қозғалыс Қытайдың Оңтүстігі мен орталық аймақтарын қамти бастады. 1120-1122 жылдардағы Чжецзяндағы көтеріліске 1 млн. астам адам қатысты.

Империядағы тәртіпсіздікке наразылық білдірушілерге манихейлік, буддистік және даостық сенімдегі ілімді басшылыққа алған "Жарық дүние туралы ілім" атты құпия ұйымдардың уағыздары дем берді. Көтеріліске, жергілікті тұрғындарға өздерінің еңбектерімен қосымша табыс әкеліп отырған таудағы мрамор өндірушілерге, тас пен ағашқа ою салушыларға, бағалы ағаштарды өсірумен айналысатын дәстүрлі кәсіпкерлерге салық салу туралы үкімет жарлығы себеп болған еді.

Көтерілістің көсемі, ауқатты адам және лак ағаштарының алқабының иесі Фан Ла өз үндеулерінде өкіметтің жемқорлығы мен сатқындығын әшкереледі. Ол әсіресе, қидандар мен таңғұттарға алам-салық төлеуге үзілді-кесілді қарсы шықты. Көтерілісшілер Чжэцзян, Аньхуй және Цзянси провинцияларының 14 округіндегі қалалар мен ауылдарда қолдау тапты. 1121 жылы олар Ханьчжоуды алды. Өкіметтің ұзақ та табанды күресінің нәтижесінде, көтеріліс басып жанышталды.

Бакылау сұрақтары:

1. Монғолдардың Қытайды жаулап алуы неше кезеңнен тұрды?
2. Юань империясы қашан құрылды?
3. Сун империясы қашан толықтай бағындырылды?
4. Чжу Юань-Чжан көтерілісі кімге қарсы бағытталды?

Негізгі әдебиет:

1. Лувсанданзан. Алтын шежіре. Монғол тілінен ауд. А.Мауқараұлы. –А., 1998.
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі. –А., 1992.
3. Карпини П. История монголов. Рубрук Г. Путешествие в восточные страны. Пер. С лат. А.И. Малеина. Ред., вступ. ст. И прим. Н.П.Шастиной. –М., 1957.
4. Козин С.А. Сокровенное сказание монголов. –Улан-Удэ, 1990.
5. Монғолдардың құпия шежіресі. Қазақшаға аударған М.Сұлтаняұлы. –Баян-Өлгий, 1979. –Алматы, 1998.

Қосымша әдебиет:

6. Монгольские источники о Даян-хане. Введ., вступ. ст., коммент Г.С.Гороховой. – М., 1986.
7. Мункуев Н.Ц. Китайский источник о первых монгольских ханах. –М., 1985.
8. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. В 9-ти т. Т. 1. –М., 1963.
9. Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов: Монгольский кочевой феодализм. –М., 1934.
10. Хара-Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. –Алматы, 1992.

Дәріс 9. X-XV ғасырлардағы Жапония (1 сағ)

Дәрісті өткізу формасы: Шолу түріндегі дәріс.

Дәрістің мақсаты: Дамыған орта ғасырлар дәуіріндегі Жапонияның саяси және әлеуметтік-экономикалық қатынастарын ашып, көрсету негізінде нақтылы тарихи оқиғаларға баға беру.

Негізгі сөздері: Саяси бытыраңқылық, самурайлар, әскерилер билігі, регенттер, канцлерлер, сегунат, дайме, реформалар, әскери губернаторлар.

Негізгі сұрақтар:

1. Аграрлық қатынастардың дамуы
2. Феодалдық бытыраңқылық дәуірі
3. Регенттер мен канцлерлер билігі
4. Әскерилер билігінің орнауы
5. Муромати сегунатының ішкі және сыртқы саясаты

6. Дамыған орта ғасырлардағы Жапон мәдениеті

7. Самурайлар сословиесінің жағдайы

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Дамыған феодализм кезіндегі аграрлық қатынастар. XIII-XV ғғ. феодалдық жер иеленушілік пен алым-салық түрлері. Сегунаттың орнауы. Рицуре заңдары, куронокоро. Құқықтық мемлекет және “императорлық мемлекет”. Инспекторлар институты. Император кеңесі және полицейлік әкімшілік. Мемлекеттік істерді талқылау кеңесі. Муромати сегунаты. Самурайлар әкімшілігі. IX-XIV ғғ. Жапониядағы қолөнері мен сауданың дамуы. IX-XIV ғасырлардағы жапон мәдениеті.

Бақылау сұрақтары:

1. Сээн деген не?
2. Самурайлардың этикалық кодексі қалай аталады?
3. Сегунат кімдердің билігі?
4. Императорлық мемлекеттің мәні неде?

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Документы по истории японской деревни. Пер., предисл. О.С.Николаевой. Ч. 1. –М., 1966.
5. Пасков С.С. Япония в раннее средневековье (VIII-XII вв.). –М., 1987.

Қосымша әдебиет:

4. Жуков Е.М. История Японии. Краткий очерк. –М., 1939.
5. Хани Горо. История японского народа. Пер. С япон. –М., 1957.
6. Эйбус Х.Т. История Японии с древнейших времен до наших дней. Краткий очерк. –М., 1968.
7. Спеваковский А.Б. Самураи – военное сословие Японии.
8. Кузнецов Ю.Д., Навлицкая Г.Б., Сырицын И.М. История Японии. –М., 1988.

Дәріс 10. Азиядағы және Солтүстік Африкадағы араб мемлекеттері (2 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Шолу түріндегі дәріс.

Дәрістің мақсаты: Азиядағы және Солтүстік Африкадағы араб мемлекеттерінің саяси және әлеуметтік-экономикалық қатынастарын ашып, көрсету негізінде нақтылы тарихи оқиғаларға баға беру.

Негізгі сөздері: Халифат, аббасилер, буидтер, селжүктер, фатимидтер, аюбидтер, крест жорықтары, магриб, аглабидтер, альмохадтар.

Негізгі сұрақтар:

1. Аббасилер халифатының ыдырай бастауы.
2. Буидтер әулетінің билікке келуі.
3. Иракты селжүк түріктерінің басып алуы
4. X-XV ғғ. Магриб.
5. Фатимидтер халифатының ішкі және сыртқы саяси жағдайы
6. Мамлюктер билігі және монғолдармен күрес
7. Аюбидтер билігі және кресшілермен күрес

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Аббасилер халифатының ыдырай бастауы. Бағдадты Буидтердің басып алуы. Халифтердің саяси биліктен аластатылуы. Иракты селжук түріктерінің басып алуы. X-XV ғғ. Магриб. Ифрикияда аглабилер әмірлігінің қалыптасуы. Олардың белсенді сыртқы саясаты. Фатимилердің билік басына келуі. Халифаттағы дін. Жаулаушылық соғыстары. Фатимилер халифатының экономикасы. Қоғамның әлеуметтік құрылымы. Фатимилердің қарулы күштері. Мамлюктер, олардың арасындағы билік үшін күрес. Аюбилер әулетінің билігі. Кресшілермен күрес. Мамлюктер мемлекеті.

Бақылау сұрақтары:

1. Ифрикиядағы аглабидтер қашан дербес билікке қол жеткізді?
2. Буидтер Бағдадты қашан ?
3. Иракты селжуктер қашан жаулап алды?
4. Фатимидтердің ұстанған діни бағыты қандай?

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Документы по истории японской деревни. Пер., предисл. О.С.Николаевой. Ч. 1. –М., 1966.
5. Пасков С.С. Япония в раннее средневековье (УП-ХП вв.). –М., 1987.

Қосымша әдебиет:

5. Жуков Е.М. История Японии. Краткий очерк. –М., 1939.
6. Хани Горо. История японского народа. Пер. С япон. –М., 1957.
7. Эйбус Х.Т. История Японии с древнейших времен до наших дней. Краткий очерк. – М., 1968.
8. Слеваковский А.Б. Самурай – военное сословие Японии.
9. Кузнецов Ю.Д., Навлицкая Г.Б., Сырицын И.М. История Японии. –М., 1988.

Дәріс 11. X-XV ғғ. Иран (2 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс.

Дәрістің мақсаты: Орта ғасырлардың дамыған дәуіріндегі Иранның саяси өмірін және әлеуметтік-экономикалық қатынастарын ашып, көрсету негізінде нақтылы тарихи оқиғаларға баға беру.

Негізгі сөздері: Тахиридтер, саманилер, газневидтер, исмаилиттер, харезмшахтар, елхандар, хулагуидтер, сербадарлар, дәруіштер, халық қозғалыстар.

Негізгі сұрақтар:

1. Аббасилер халифатының ыдырауы кезіндегі Иран.
2. X-XIII ғғ. Иранның экономикасы
3. XIII ғ. екінші жартысы – XV ғ. бірінші жарт. Иран.
4. Елхандар билігінің құлауы.
5. XV ғ. Иранның саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы.

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Аббасилер халифаты құрамындағы Иран. Батыс Иранда Буидтер мемлекетінің құрылуы. Шығыс Иран Саманилер мемлекетінің құрамында. Мемлекеттік құрылысы. Кармат қозғалысы. Иқта институты. Оғыздар қозғалысы. Иранды селжуктердің жаулап алуы. XI-XIII ғғ. Селжук мемлекетіндегі агралық қатынастардың ерекшеліктері. Селжук мемлекетінің ыдырауы. “Такуа” халифтер билігі жылдары-ақ қалыптасқан “Әли партиясы” уақыт өте келе ерекше шииттік бағыт сипатына ие болып, мұның өзі біртұтас ислам қауымын жікке бөлген еді. Мұсылмандардың негізгі бұқарасы – суниттер (ахлас-суна ва-аль-джама`а) мен шииттер арасындағы айырмашылық ислам қауымының басшысы – имам және имаматқа байланысты туындады. Суниттер үшін имам (халиф) – рухани және мемлекеттік басшы, оны формальді түрде құрайыштар арасынан умма

мүшелері сайлайды, ал шииттер имаматқа тек Мұхаммедтің отбасынан шыққандар, яғни Әли және оның ұрпақтары ғана құқылы деп шешті.

Шииттердің имамы – Мұхаммед миссиясының мұрагері, жоғарғы рухани басшы, оған Құдай нұры (эманация) түскендіктен де барлық түнәдан таза. Шииттердің ойынша имамат адамдардың еркіне тәуелді емес, ол Алланың құзырында және “діни сабақтастыққа” негізделген. Осылайша, әлидік имамдар мұрагерлік рухани билік принципін ұстанды, осы арқылы пайғамбарлық үздіксіз беріліп отырады деді.

Баяу шиит имамиттер – шииттік исламның негізгі бағыты – Әли ибн Абу Талиб руынан шыққан. 12 имамның бірінен кейін бірі тағайындалуын мойындады. 873 ж. 11 имам аль-Хасан әл-Аскари қаза болғаннан кейін имамиттер 12-ші имам оның кішкене ұлы Мұхаммед болады деп санады, алайда көп ұзамай ол жоғалып кетеді. Имамиттер оны “Ақыр заманның” алдында “жасырын имам”, “уақыттың әміршісі” махды (күтқарушы) бейнесінде оралып, әлемде әділеттік орнатуға тиіс болды.

Имаматты құдай орнатқан тәртіп деп қарастыра отырып, имамиттер имамды сайлау мүмкіндігінің өзін жоққа шығарды. Олардың түсінігі бойынша имамат – мәңгі құдай нұрының Әли ұрпақтарына түсуі. Шииттердің көпшілігі 12 имамды мойындаған имамиттер болды, оның үстіне олардың түсінігі бойынша әрбір келесі имамға билік алдыңғы имамның құдай еркіне сәйкес жасаған шешімімен берілетін болды. Алайда, омеядтардың тұсында-ақ, бесінші имам Мұхаммед әл-Бәкір 731 жылы қайтыс болғаннан кейін шииттер ортасында жік пайда болды. Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін шииттердің негізгі бұқарасы 6-шы имам ретінде оның ұлы Жафас ас-Сыдықты мойындады. Алайда шииттердің бір бөлігі Мұхаммедтің омеядтарға қарсы күрестегі батыл еместігін, бейбітшілдігіне көңілі толмай, оның белсенділік көрсетіп жүрген кіші інісі Зайдтың төңірегіне топтасты, сөйтіп оны 5-ші имам деп жариялады. Зайдиттер исламға еңбек сіңірген Әли руынан шыққан кез келген кісі бола алады деді. Шииттердің азшылығымен сайланған Зайд ибн Али омеядтық халиф Хишамға қарсы 740 жылы көтерілісті бастады, сөйтіп өз әскерімен шайқаста қаза тапты. Зайд бастаған көтеріліс жеңіліс тауып, басып тасталғанымен, оның атымен аталатын шииттер қозғалысы тақтамады. Зайдиттер өз теологиялық доктринасын жасады, олар әсіресе саясат саласында неғұрлым белсенді болды.

Зайдтың ұрпақтары мен оны жақтаушылар насихат арқылы өз жағына Каспий теңізінің оңтүстік-батыс бөлігінің халықтарын тартып, 864 жылы Табаристан мен Гиланда өз тәуелсіз әмірлігін құрды. Бұл әмірлік 300 жыл өмір сүрді. Зайдиттік әмірлер әрине аббасилер билігін мойындаған жоқ. Зайдиттер Аравия түбегінің оңтүстік-батысында да табыстарға қол жеткізді. Осы жерде, Йемен территориясында халиф аль Мутаидтің тұсында 897 жылы екінші Зайдит мемлекеті пайда болып, ол XX ғасырға дейін өмір сүрді.

VIII ғасыр ортасында шииттік бағыттың ішінде тағы да жік пайда болды: суниттерден әлидтердің имамдыққа мұрагерлік құқығын мойындауымен ғана ерекшеленген имамит-шииттермен қатар экстремистік секталар пайда болды, олардың догматикасы тек суниттерден ғана емес, сондай-ақ баяу шииттерден де бөлек болды. Бұндай секталар “гулат” (гала – шектен тыс, шектен шығу) деп аталды. Бұл секталардың ортақ белгісі Халиф Әлиді және оның ұрпақтарын құдайға айналдырды, инкарнация (хулул) – Құдайдың адамда көрінуі (воплощение Божества в человеке) туралы түсінік болды. Мұндай экстремистік шииттік секталардың сенімдері шииттік діни ілімнің мұсылмандыққа дейінгі ежелгі шығыс нанымдарымен, шығыстың христиан дінімен, ал кейде буддизммен араласып келіп отырды.

Осындай шииттік секталардың ең белгілісі – исмаилиттер сектасы VIII ғасырда пайда болды, ал оның философиялық догматтық негіздері мен ұйымдық құрылымы тек IX ғасыр аяғына қарай толық қалыптасты. Экстремист шииттердің ілімін замандастары шиизмнің идеялық негізін қалаушы, йемендік иудей Абдаллах (VII ғасыр ортасы) ибн Саба жасады дейді. Ол Мұхаммедті құдайға айналдырды. Кейінірек асыра сілтеуші

(крайние) шииттер Абдаллах ибн Сабаның ілімін дамытып, құдай нұрының бір пайғамбардан келесісіне өтетіні жөнідегі идеямен толықтырды.

Суниттік деректер бойынша исмаилиттер сектасы 6-шы шииттік имам Джафардың ас-Сыдық (765 жылы қайтыс болды) айналасында пайда болды деп есептеледі. Джафар имамиттік шиизмнің идеологтарының бірі болды. Алтыншы имам Жафардың мұрагері ретінде имамиттік шииттер оның ұлы Мұса ал-Казимді тағайындаған кезде Жафар өзінің үлкен ұлы 760 жылы қайтыс болып кеткен Исмаилды аластатты. Алайда кейбір шииттер Джафардың шешімімен келіспеді.

Жафар Исмаилды өзіне тиесілі болған имамдықтан оның ішімдікке құмар болуына байланысты аластатты деген аңыз тарады. алайда Исмаилдің жақтастары Исмаилді имамдар руынан шыққандар, Әли тұқымдары түнәлі деп есептелмейді дегенмен ақтады. Шын мәнінде Исмаилды мұрагерліктен аластатудың анағұрлым маңызды себебі болды. Шиит-имамиттер доктринасы шииттік лидерлерге халифаттағы билікті күшпен тартып алу идеясынан бас тартуға мүмкіндік берді, өйткені олар “жасырын” имамның – Махдидің келуін күтіп, қоғам өмірінде белсенді роль атқарып, жоғарғы қызметтерге де ие болып отырды. Джафар-ал-Садықтың билеушісі Аббасилер әулетіне қатысты әрекетсіз-келісімпаз позициясы шииттердің неғұрлым радикалды бөлігіне ұнамады, олар анағұрлым белсенді қимылдарды қажет етті. Әсіресе шииттік топтың жақтаушысы болған Исмаилды имам-әкесі дәл сол экстремизмі үшін мұрагерлік құқықтан айырған болуы керек.

Шииттердің бір бөлігінің мүмкін болатын наразылығын алдын ала біле отырып Джафар Исмаилдің өлімін жұртқа жариялап, оның денесін Медина мешітіне қойды. Жаңа имамды тағайындауға қажетті себеп бар болғандай еді, алайда Исмаилді жақтаушылар оның өліміне сенбеді, олар Исмаил әкесінен кейін де ұзақ жылдар өмір сүрді дегенді айтты.

Осылайша, имамит-шииттер мен Исмаилдің жақтастары арасында принципті дау-дамай туындады. Имамды тағайындаудың әулеттік принципін сақтап, тек Исмаилдың және оның ұлы Мұхаммед ибн Исмаилдың тағайындалуын заңды деп есептеу керек пе, әлде имамды оның алдындағы имам өз еркімен тағайындауын, бұл жағдайда Мұса аль-Казимнің тағайындалуын және басқа да 12 имамды мойындау керек не деген мәселе туындады. Осылайша Ислам жақтастарының сектасы – исмаилиттер пайда болды. Олар бойынша соңғы имам – Мухаммед ибн Исмаил болуға тиіс.

Бақылау сұрақтары:

1. Тахириттер мемлекеті қашан құрылды?
2. Саманилер мемлекетінің негізін қалаушы кім?
3. Елхандар билігі қашан орнады?
4. Сербадарлар қозғалысының қозғаушы күштері?

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Бейхаки Абу-л-Фазл. История Масуда (1030-1041). Пер. С перс., введ., коммент и прил. А.К.Арендса. –М., 1969.
5. Низам-ал-Мульк. Сиасет-намэ. Книга о правлении вазира XI столетия Низам-альМулька. Пер., предисл. И примеч. Б.Н.Заходера. –М.-Л., 1949.

Қосымша әдебиет:

5. Али-заде А.А. К вопросу об институте икта. –Сб. Ст. По истории Азербайджана. 1. –Баку, 1949.
6. Брагинский И.С. Иранское литературное наследие. –М., 1984.
7. Строева Л.В. Государство исмаилитов в Иране в XI-XIII вв. –М., 1978.

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс.

Дәрістің мақсаты: XI-XV ғғ. Түркияның саяси өмірін және әлеуметтік-экономикалық қатынастарын ашып, көрсету негізінде нақтылы тарихи оқиғаларға баға беру.

Негізгі сөздері: Селжүктер, газневидтер, Рум сұлтандығы, қресшілер, жаулаушылықтар, оғыздар, бейліктер, османдар, жана әскер, янычарлар.

Негізгі сұрақтар:

1. Селжүк жаулаушылықтары
2. Ұлы Селжүк мемлекетінің құрылуы
3. Селжүк сұлтандығының қоғамдық және мемлекеттік құрылысы
4. Селжүк мемлекетінің ыдырауы
5. Селжүк сұлтандығын монғолдардың басып алуы
6. Монғолдар билігі кезіндегі Түркиядағы феодалдық қатынастар

Дәрістің қысқаша мазмұны:

XI-XII ғғ. Кіші Азия территориясында алғашқы түрік мемлекеті. Данышменилер сұлтандығы. Иконий сұлтандығы, оның әлеуметтік-экономикалық құрылысы. Византиямен күрес. Халық көтерілістері. Монғол шапқыншылығы және XIII ғ. Екінші жартысындағы сұлтандықтың құлдырауы. Селжүк мемлекеті монғолдар үстемдігінде. Селжүк сұлтандығының мәдениеті. Түрік халқының қалыптаса бастауы. XIII ғ. аяғы -XIV ғ. Кіші Азиядағы түрік әмірліктері. Осман мемлекетінің құрылуы. Мемлекеттік құрылыс. Орхон сұлтанның заң шығарушылық қызметі. Осман түріктерінің Балқан түбегіндегі жаулап алушылықтары. Константинопольді жаулап алу. Балқан түбегі мен Кіші Азияны жаулап алудың аяқталуы. Осман империясындағы “жаңа әскердің” /янычар/ орны. II – Мехмедтің аграрлық реформалары. Осман империясының халықаралық жағдайы. Ильтизам. II Мехмед заң жинағы. Осман империясының жауланып алынған территориядағы әлеуметтік және діни саясаты.

Бақылау сұрақтары:

1. Селжүктердің Сыр бойынан кету себептері
2. Газневидтер мемлекетін қашан жаулап алды.
3. Рум сұлтандығы қай территорияда құрылды?

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Байхаки Абу-л Фазл. История Масуда (1030-1041). Пер. С перс., введ., коммент. И прил. А.К.Арендса. –М., 1969.
5. Агаджанов С.Г. Сельджуки и Туркмения в XI-XII вв. –Аш., 1973.

Қосымша әдебиет:

1. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии в IX-XIII вв. – Аш., 1969.
2. Гасратян М.А., Орешкова С.Ф., Петросян Ю.А. Очерки истории Турции. –М., 1983.
3. Мейер М.С. К вопросу о происхождении тимара. –Формы земельной собственности и владения на Ближнем и Среднем Востоке. –М., 1979.
4. Новичев А.Д. К истории народного восстания в Турции под руководством шейха Бедреддина Симави. – Общество и государство на Балканах в средние века. – Калинин, 1980.

Дәріс 13. Монғол мемлекетінің құрылуы және монғол жаулаушылықтары (2 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс.

Дәрістің мақсаты: Монғол мемлекетінің құрылуы және оның империяға айналуы, яғни монғол жаулаушылықтары мәселесінің теориялық-методологиялық мәселелері мен нақтылы тарихи оқиғаларын ашып көрсету.

Негізгі сөздері: Монғолдар, жаулаушылықтар, мемлекет, империя, юань, елхандар, хулагуидтер.

Негізгі сұрақтар:

1. Монғолдар державасының құрылуы
2. Монғолдардың Қытай мен Кореяны жаулап алуы
3. Монғолдардың Орта Азия мен Закавказьедегі билігі
4. Ирандағы монғолдар билігі
5. Монғолдардың Русьті жаулап алуы
6. Монғолдар империясының құлауы

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Монғолдар державасының құрылуы. “Монғол” атауының тегі. Оңтүстік Қытайды жаулап алу және Юань империясының құрылуы. Кореяны жаулап алу. Монғол шапқыншылығы қарсаңындағы Хорезм мемлекетінің экономикалық және саяси жағдайы. Монғолдардың Орталық Азия мен Закавказьедегі билігі. Монғолдардың Қазақстан мен Орта Азияны басып алуы. Махмуд Табаридің көтерілісі. Самарқандтағы сербедарлар көтерілісі. Монғолдардың Закавказьені басып алуы. Қазақстандағы, Орта Азия мен Закавказьедегі монғолдар билігі кезіндегі феодалдық қатынастар. Монғол жаулап алушылығының салдары.

Бақылау сұрақтары:

1. Монғол атауының тегі
2. Темучжиннің шығу тегі
3. Махмуд Табари көтерілісінің себептері
4. Монғолдардың Қытайды жаулап алуы неше кезеңнен тұрды?
5. Хулагуидтік монғол мемлекеті қашан және қай территорияда құрылды?

Негізгі әдебиет:

1. Лувсанданзан. Алтын шежіре. Монғол тілінен аударған А.Мауқараұлы. –А., 1998.
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі. –А., 1992.
3. Карпини П. История монголов. Рубрук Г. Путешествие в восточные страны. Пер. с лат. А.И. Малеина. Ред., вступ. ст. И прим. Н.П.Шастиной. –М., 1957.
4. Козин С.А. Сокровенное сказание монголов. –Улан-Удэ, 1990.
5. Монғолдардың құпия шежіресі. Қазақшаға аударған М.Сұлтаняұлы. –Баян-Өлгий, 1979. –Алматы, 1998.

Қосымша әдебиет:

1. Монгольские источники о Даян-хане. Введ., вступ. ст., коммент Г.С.Гороховой. – М., 1986.
2. Мункуев Н.Ц. Китайский источник о первых монгольских ханах. –М., 1985.
3. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. В 9-ти т. Т. 1. –М., 1963.
4. Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов: Монгольский кочевой феодализм. –М., 1934.
5. Хара-Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. –Алматы, 1992.

Дәріс 14. Солтүстік Африка мемлекеттері монғол шапқыншылығы дәуірінде (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс.

Дәрістің мақсаты: Мамлюктердің билікке келуі, монғолдардың мамлюктермен күресі мәселелерін, мамлюктік Египеттің ішкі және сыртқы саяси жағдайын қарастыру

Негізгі сөздері: Монғолдар, мамлюктер, жаулаушылықтар, мемлекет, кресшілер, аграрлық қатынастар, салық жүйесі, әкімшілі-басқару.

Негізгі сұрақтар:

1. Мамлюктердің монғолдармен күресі
2. Мамлюктердің кресшілермен күресі
3. Мамлюктер мемлекетінің ХІҮ-ХҮ ғғ. ішкі және сыртқы саяси жағдайы
4. ХІҮ-ХҮ ғғ. Солтүстік Африкадағы діни жағдай

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Мамлюктердің монғолдармен күресі. Түркиямен соғыс. Мамлюк мемлекетінің ХҮ ғасырдың екінші жартысында әлсіреуі. Мұсылман құқығы – шариғаттың қалыптасуы, оның әлеуметтік мәні. Исламның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. Сопылықтың пайда болуы және бауырластықтар қызметінің таралуы. Ғылыми білімдердің дамуы. Білім беру жүйесі. Араб мәдениетінің басқа халықтардың мәдениетіне ықпалы. Монғол шапқыншылығы және оның салдарлары.

Бақылау сұрақтары:

1. Мамлюктер мен монғолдар арасындағы алғашқы шайқас қай жылы және қай жерде өтті?
2. Мамлюктер деген кімдер?
3. Мамлюктер қандай топтарға бөлінеді?
4. Египет жеріндегі сопылықтың өкілдері кімдер?

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
5. Козин С.А. Сокровенное сказание монголов. –Улан-Удэ, 1990.
6. Семенова Л.А. Салах-ад-дин и мамлюки в Египте. –М., 1966.

Қосымша әдебиет:

7. Монгольские источники о Даян-хане. Введ., вступ. ст., коммент Г.С.Гороховой. – М., 1986.
8. Мункуев Н.Ц. Китайский источник о первых монгольских ханах. –М., 1985.
9. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. В 9-ти т. Т. 1. –М., 1963.
10. Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов: Монгольский кочевой феодализм. –М., 1934.
11. Хара-Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. –Алматы, 1992.

Дәріс 15. ХІ-ХҮ ғғ. Үндістандағы феодалдық мемлекеттер (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс.

Дәрістің мақсаты: ХІ-ХҮ ғасырлардағы Үндістанның саяси-экономикалық және әлеуметтік даму мәселелерін теориялық және нақты фактілік негізде қарастыру

Негізгі сөздері: Мұсылман жаулап алуы, Дели сұлтандығы, өзара қырқыс соғыстар, феодалдық қатынастар, икта, монғол шапқыншылығы.

Негізгі сұрақтар:

1. ХІ-ХІІ ғасырлардағы Үндістанның саяси-экономикалық дамуы
2. Дели сұлтандығының құрылуы
3. Дели сұлтандарының жаулаушылық соғыстары
4. ХІІІ-ХҮ ғғ. Үндістанның әлеуметтік-экономикалық дамуы

Дәрістің қысқаша мазмұны:

ХІ-ХІІ ғғ. Индияның саяси-экономикалық даму ерекшеліктері. Діні мен мәдени дамуы. Елді мұсылмандардың жаулап алуы. Дели сұлтандығының құрылуы. Шамс-уд-дин Илтұтмыш, оның жаулаушылық саясаты. Феодалдар арасындағы өзара қырқыс соғыстар. Феодалдық икта жүйесінің эволюциясы. Монғолдар шапқыншылығы. Ала-уд-Дин Хилжаның ішкі, сыртқы саясаты. Мухаммед Тұғлақ билігі кезіндегі империя. Фируз шахтың салық жүйесі. Аграрлық қатынастар, әкімшілік құрылым. Солтүстік Индияның

XIII-XV ғғ. экономикалық дамуы. Қала халқының қозғалыстары. Дели сұлтандарының жаулаушылық саясаты.

Үндістанның ортағасырлық саяси құрылымында ерте дүниедегі Маурий, Кушан империялары тәрізді ірі мемлекеттер болған жоқ. Гуптар дәуірінен бастап оған тек арийлік солтүстік пен дравидтік оңтүстік болып қана бөліну тән болып қойған жоқ, сонымен бірге бқл аймақтардың өз ішінде үнемі саяси биліктің тұрақсыздығы, бірнеше әлсіз саяси құрылымдардың өзара қырқыс күрестері және қатар өмір сүруі тән болды. Бұл нағыз феодалдық бытыраңқылық кезеңі еді.

Оның үстіне V-VI ғғ. Межесінде Солт-Батыс Үндістанға көшпелі және жартылай көшпелі ақ ғұндар – эфталиттер мен гурджарлар тайпалары шапқыншылық жасап, мұның өзі кезінде Гуптар империясының ыдырауына алып келген болатын. Синд, Раджастан, Гуджарат, Мальва жерлерінде қоныстана отырып бқл жауынгер тайпалар жергілікті халықпен ассимиляцияға түсіп жаңа этносаяси біртұтастықты – раджпуттер кастасын құрған болатын. Гуджараттың Пратихар мемлекеті бірте-бірте солт. Үндістанның көпшілік жерін өзіне ұосып алып, екінші ірі мемлекет – Паллдар мем-мен үздіксіз соғыс жүргізді.

VII-VIII ғғ. өн бойында раджпут князьдері Гуджараттағы өз жағдайын нығайтып қана қойған жоқ, сонымен бірге араб шапқыншылықтарына да тойтарыс бере алды. Арабтар 712 жылы тек Сид жерін ғана алумен шектелуге мәжбүр болды.

X-XI ғғ. Мұсылмандар шапқыншылығы тағы да жанданған уақыт болды. Махмұт Газневи бастаған мұсылмандар Пратихарлар мемлекетіне сәтті жорық жасап, Солт. Үнд. Үлкен бөлігін тонап, көп байлықты өзімен ала кетті. Бұл жорықтың нәтижесінде Газневидтік сұлтанатқа Инд өзені аңғарының бір бөлігі қосылды және Пратихар мемлекеті ұсақ князьдіктерге бөлініп кетті. Бұл князьдіктер осы кезде күшейіп келе жатқан Оңтүстік Индия мем-мен соғыстар жүргізіп отырды.

XII ғ. Ортасынан басталған Араб халифатының шығыс аудандарына селжүктердің шапқыншылығы олардың газневидтік әмірлермен қақтығысына алып келген болатын, соның нәтижесінде газневидтердің Үндістанға қатысты белсенділігі біржолата тоқтатылған болатын. Тек XII ғ. 70 ж. Газнадағы билік Гуридтерге көшкеннен кейін бұл әулет те Үндістанға жорықтарын бастаған болатын. Атап айтқанда Мұхаммед Гури көпұзамай Пенджабты алып, одан ары қарай Джамна мен Ганг өзенінің аңғарларын жаулауға кірісті.

Бақылау сұрақтары:

1. Дели сұлтандығының негізін қалаушы кімдер?
2. Үндістанда мұсылмандар билігінің жеңіл түрде орнауының себептері қандай?
3. Шамс ут-дин Илтутмыштың билігі қашан орнады?

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Козин С.А. Сокровенное сказание монголов. –Улан-Удэ, 1990.
5. Семенова Л.А. Салах-ад-дин и мамлюки в Египте. –М., 1966.

Қосымша әдебиет:

- Монгольские источники о Даян-хане. Введ., вступ. ст., коммент Г.С.Гороховой. –М., 1986.
- Мункуев Н.Ц. Китайский источник о первых монгольских ханах. –М., 1985.
- Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. В 9-ти т. Т. 1. –М., 1963.
- Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов: Монгольский кочевой феодализм. – М., 1934.
6. Хара-Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. –Алматы, 1992.

Дәріс 16. ҮІІІ-ХV ғғ. Тропикалық Африка (2 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Шолу түріндегі дәріс.

Дәрістің мақсаты: ХІ-ХV ғасырлардағы Тропикалық Африканың саяси-экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі мәселелерін қарастыру

Негізгі сөздері: Тропикалық Африка, тайпалар, өзара қырқыс соғыстар, феодалдық қатынастар, жер қатынастары, қауым.

Негізгі сұрақтар:

1. ҮІІІ-ХІ ғасырлардағы Тропикалық Африканың қоғамдық дамуы
2. Ерте орта ғасырлардағы Тропикалық Африкадағы әлеуметтік-саяси үрдістер
3. Дамыған орта ғасырлардағы қоғамдық дамудағы трансформациялық процестер
4. Тропикалық Африка халықтарының өркениетке тартылуы
5. Кейінгі орта ғасырлардағы Тропикалық Африканың саяси-әлеуметтік және экономикалық дамуының негізгі үрдістері

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Африка халықтарының әлеуметтік қатынастары мен мемлекеттік билік ерекшеліктері. Исламның енуі және оның әлеуметтік орны. Батыс Африкадағы сауда және керуен жолдары. Хаустың қала-мемлекеттері. Йерубтардың қала өркениетінің ерекшеліктері. Х-ХV ғғ. Эфиопия мен Судан. Феодалдық жер меншігінің қалыптасуы. Суданның христиан князьдіктері. Исламның енуі және Судан мен Қызыл теңіз жағалауында мұсылмандық сұлтандықтардың пайда болуы. Х-ХV ғғ. Шығыс Африка, Суахили қала-мемлекеттерінің дамуы. Португалдықтардың енуі және жергілікті халықтың басқыншылармен күресі. Көларасы мемлекеті. Этникалық каста жүйесінің қалыптасуы.

Бақылау сұрақтары:

1. Африка халықтарының қайсысына ислам діні тарады?
2. Португалдықтар қай жылы ең алғаш рет Шығыс Африка жеріне енді?
3. Африкадағы каста жүйесінің ерекшелігі неде?

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.

ІІІ-модуль. АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАРДА

Дәріс 17. Қытайдағы әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі және ХVІІ ғ. шаруалар көтерілісі (1сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс.

Дәрістің мақсаты: Кейінгі орта ғасырлардағы Қытайдың қоғамдық –саяси дамуын қарастыра отырып ХVІІ ғғ. орын алған шаруалар көтерілісінің объективті себептерін түсіндіру.

Негізгі сөздері: капиталистік қатынастар, ішкі рынок, агротехникалық жетілдірулер, тауар-ақша қатынастары, шаруалар көтерілістері, мин, цинь империялары, еуропалықтар, жабық есік саясаты.

Негізгі сұрақтар:

1. ХVІ-ХVІІ ғғ. Қытайдың саяси жағдайы
2. Әлеуметтік-экономика қатынастарындағы өзгерістер
3. Аграрлық сектордың дамуы
4. Еуропалықтардың Қытайға енуі және жабық есік саясатының мәні
5. ХVІІ ғасырдағы шаруалар көтерілісінің себептері, барысы, нәтижесі.

Дәрістің қысқаша мазмұны:

ХVІ-ХVІІ ғғ. бірінші жартысындағы Қытайдың ауыл шаруашылығы. Еңбек құрал-жабдықтарының жетілуі. Агротехникалық шеберліктің дамуы. Ауылдардың экономикалық дамуындағы ала-құлалықтар. Кейінгі орта ғасырлардағы аграрлық

қатынастар. ХҮІ ғасырдағы жер иеленудегі өзгерістер. Императорлар үйінің жер иеліктері. Жерді қайта бөлудегі қиянаттар. Ірі жер иеліктерінің өсуі, олардың игерілуі. Шаруалардың кедейлену себептері, ақша-тауар қатынастарының дамуына байланысты феодалдық қанаудағы өзгерістер. Ақшалай рентаның прогрессивтік мәні. Капиталистік қатынастар элементтерінің қалыптаса бастауы. ХҮІ -ХҮІІ ғғ. бірінші жартысындағы Қытайдағы саяси күрестер мен көтерілістер. Мин империясының ХҮІ -ХҮІІ ғғ. бірінші жартысындағы сыртқы саясаты. ХҮІ ғ. басындағы халықаралық жағдай. Еуропалықтардың Қытайға енуі. Жабық есік саясатына көшу.

ХҮІ ғ. Басына қарай Мин империясы өмір сүруіні алғашқы жылдарында орныққан шар. Механизмі табысты түрде жалғасын тауып жатты. Ел экономикасының негі болған ауыл шаруашылығында жетекші орынды егіншілік алды және ол өз уақыты үшін жоғары дамыған, өнімділігі де жоғары болды.

Алайда ХҮІ ғ. Алғашқы онжылдығында ХҮ ғ. өн бойында байқалған аграрлық қатынастардағы ішкі процестер айтарлықтай күшейіп, шиеленісе түсті. Бұл біріншіден, мемлекеттік жер қорының қысқаруы, оның жеке меншік иеліктерге айналуымен байланысты, сондай-ақ есепке алынған салық салдарынан салық төлеушілер санының және қазына табысының қысқаруымен байланысты болды. Бұл процестер бір-бірімен тығыз байланысты болды және Қытайды ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Аграрлық қатынастарының дамуындағы жалпы тенденцияны көрсетті.

Мемлекеттік жерлердің қысқаруы әр түрлі жолдармен жүрді. Біріншіден, әскери қоныстар жүйесінің ыдырауымен олардың көбі жергілікті әскери басшылардың, шенеуніктердің жеке меншігіне өтіп отырды. Нәтижеде ХҮІ ғ. Басына қарай әскери қоныстардан қазынаға түсетін табыс бастапқы табысты 10/1 –н ғана құрады.

Екіншіден, ХҮІ ғ. Басында «усадьбалық егістік жерлердің» және «император усадьбаларының», яғни помещьелік типтегі жер иеліктерінің көлемі күрт өсіп кетті. Бұл жерлер формальді түрде мемлекеттік жер деп саналғанымен, іс жүзінде қожайынның толықтай жеке меншігінде болды, және мұраға қалдырылып отырылды.

ХҮІ ғ. Ортасына қарай шонжарлардың усадьбалық егістіктер елдің бүкіл егістік бүкіл егістік жерлердің 20/1 бөлігін құрады. Әсіресе провинция билеушілерінің жерлері барынша үлкен болды. Ірі жер иелігі қарастырылып отырылған уақытта шаруалардың жерін арзан бағаға сатуға көндіру арқылы да іске асып отырды.

Ірі және орташа жер иеліктерінің қожалары өз жерлерінің көп бөлігін салық төлеуден босатудың барлық қолдан келген амалдарын жасап бақты. Нәтижеде салық төлеуге тиісті жерлердің саны ХҮІ ғ. Басына қарай ХІҮ-ХҮ ғғ. межесіне салыстырғанда 2,3 млн. Ши астыққа қысқарды.

Қазына шығындары жабуды қамтамасыз ете алмады. ХҮІ ғ. 50 жж. Бастап 50 пайыз шығындар да жабылмады. Қалыптасқан қаржылық дағдарыс орын алды. ХҮІ ғ. 70 жж. Билік басына келген реформашылар бұл дағдарыстан шығуды жолдарын іздестіріп, салық жинау жүйесіне біраз өзгертулер енгізді. Бұған дейін, салық төлеудің басты түрі заттай салық болған болатын. Салық реформаторлық мәні салықтар мен еңбек міндеткерліктерін біріктіріп, оны күміс ақша түрінде төлеуге негізделген болатын. Салық салудың жаңа жүйесіне көшу рыноктың қатынастардың одан әрі дамуына жол ашқан болатын.

Бақылау сұрақтары:

1. Қытайда капиталистік қатынастарының генезисінің қарқыны қандай болды?
2. Мануфактураның қандай түрі қалыптасты?
3. Қытайға еуропалықтар ең алғаш қашан енді?

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Лапина З.Г. Политическая борьба в средневековом Китае. –М., 1970.
5. Илюшечкин В.П. Сословно-классовое общество в истории Китая. –М., 1986.

Дәріс 18. Кейінгі орта ғасырлардағы Жапония. Елдің бірігуі (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс. Дәріс слайдтар түрінде, проекторды пайдалану арқылы өткізіледі.

Дәрістің мақсаты: Кейінгі орта ғасырлардағы Жапонияның қоғамдық –саяси дамуын қарастыра отырып елдің бірігуінің объективті себептері мен барысын фактологиялық және теориялық негізде қарастыру.

Негізгі сөздері: капиталистік қатынастар, ішкі рынок, агротехникалық жетілдірулер, тауар-ақша қатынастары, шаруалар көтерілістері, сегунат, еуропалықтар, жабық есік саясаты.

Дәрістің қысқаша мазмұны: Дәрістің мазмұны слайдтар түрінде берілген

Кейінгі орта ғасырлардағы Жапония.

Елдің бірігуі

Жоспары:

1. "Өзара қырқысушы провинциялар дәуіріндегі" Жапонияның әлеуметтік-саяси жағдайы.
2. Елді біріктіруші феодалдар – Ода Набунага, Тоетоми Хидэеси және Токугава Иеясудың қызметі

ӘДЕБИЕТ

- Материалы и документы по истории Японии. Сост., пер. и комм. А.Л.Гальперина. М., 1961.
 - Документы по истории японской деревни. Конец ХІІ – первая половина ХІІІ в. Пер. О.С.Николаевой. М., 1966.
 - Попов К.А. Законодательные акты средневековой Японии. Пер. с япон. Вступит. Статья, коммент. М., 1984.
 - Подпалова Г.И. Крестьянское петиционное движение в Японии. М., 1990.
 - Воробьев М.В. Япония в ХІІІ-ХІІ вв.: Этнос, общество, культура и окружающий мир. М., 1980.
 - Гальперин А.Л. Очерки социально-политической истории японии в период позднего феодализма. М., 1963.
 - Попов В.А. Земельная реформа и аграрные отношения в Японии. М., 1970.
 - Пасков С.С. Япония в ранне средневековье VII – XII вв. М., 1987.
 - Гришелова Л.Д. Формирование японской культуры. Конец ХІ – начало ХХ века. М., 1986.
 - Искендеров А.А. Токтоми Хидзэси М., 1984.
 - Кузнецов Ю.Д., Навлицкая Г.Б., Сирицын И.М. История Японии. М., 1988.
 - Слеваковский А.Б. Самураи – военное сословие Японии. М., 1991
 - Жуков Е.М. История Японии: краткий очерк. М., 1939.
 - Ханин З.Я. Парии в японском обществе. М., 1980.
 - Конрад Н.И. Очерки истории культуры средневековой Японии. М., 1980.
 - Конрад Н.И. Избранные труды. История. М., 1974.
 - Конрад Н.И. Япония в поздее средневековье. // История стран Азии и Африки в средние века. М., 1968.
 - История Востока. Т.3. Восток на рубеже средневековья о нового времени. ХІ – ХІІІ вв. М., 1999.
 - История стран Азии и Африки. Часть 2. Ред колл. Ф.М.Ацамба, З.Г. Лапина, М.С.Мейер. М., 1987.
 - Жуков Е.М. Политика Хидзэси в отношении крестьянства // История Японии. Краткий очерк. М., 1939.
-
- Жапонияда Токугавалар дәуіріне дейін (1603-1867) жер иеленудің негізгі түрі *сезн* болды. Нара дәуірінің (710-784) аяғынан бастап бұл термин барлық провинциялардағы ақсүйектер мен храмдардың жеке меншік жер иеліктеріне қатысты қолданыла бастады. *Сезн*нің басында тікелей басқару ісін қолында ұстаған қожа – ресю тұрды. ХІІ-ХІІІ ғасырлардағы өзара қырқыс соғыстардың жүруінен және, екінші жағынан, сауданың дамуымен байланысты бұл жүйе құлдырай бастайды. Токугавалар дәуірінде ресюлер ұсақ және ірі *даймелерге*, *хатамотоларға* айналады.
 - Өзара қырқыстар толқындары алдыңғы қатарға сэнгоку даймелерді, яғни провинциялық даймелерді шығарды. Жапонияда дамыған феодалдық қатынастар дәуірінде өндіргіш күштердің дамуына кедергі болған вотчиналардың ыдырауы аяқталды. Вотчиналардың ыдырау процесімен князьдіктердің қалыптасу процесі қатар жүрді. Бұл екі құбылыс бір уақытта әрі князь да болған губернаторлардың қызметінен айқын көрінді. Сондықтан да оларды жапонша "сюго дайме", яғни губернатор-князь деп атады.

- Бұған дейінгі дәуірде коммендациялық типтегі *вотчина* басым болған болса, енді князьдердің құқықтары бүкіл өзінің князьдігіне тарайтын болды, ол іс жүзінде өз жерінде толық құқылы феодал әрі билеуші болып алды. Князьдікте өндірілетін ауыл шаруашылық өнімдері мен қолөнер бұйымдарының бір бөлігі рынокқа шығарылды. Князь өзін-өзі басқаруы жоқ вотчиналық деревняға емес, ендігі жерде күшті ауыл шаруашылық қауымы бар деревняға басшылық етті.
- Село қауымының нығаюы шаруалар көтерілістерінің өрістеуінен айқын көрінді. Шаруалар қарыздарды жою, салықтарды, әсіресе, барщинаны қысқарту, өз құқықтарын шектен тыс асыра пайдаланып жүрген вотчина әкімдерін қызметінен алу және т.б. талаптарды көтерді. Шаруалар күресінің формалары сан алуан болды: сотқа шағымдану, петициялар тапсыру, жерлерін тастап кету, "жер көтерілістері" түріндегі бүліктерді ұйымдастыру және т.с.с. Мұндай көтерілістер ХҮ ғасырдың 20-шы жылдарында әсіресе өзінің шарықтау шегіне жетті. Көтеріліске шыққан шаруалар Киото қаласының шекараларындағы бекеттерді жоюды талап етті, өйткені бұл бекеттер оларға қалада сауда жасауға тосқауыл болған еді.
- Феодалдар өздері жүргізіп отырған өзара қырқыс соғыстарына шаруаларды тартқандықтан, бұл кезде көтеріліске шыққан шаруалардың қолында қару-жарақ бар еді. Шаруалардың Киотодағы император сарайына да шабуыл жасаған кездері (1447 ж.) болды. Олар сондай-ақ астаналық өсімқорлардың қоймаларын талқандап, храмдарды басып алып отырды.

- Жапонияны біріктіру ісін жүзеге асырғандар Хонсю аралының орталық бөлігінің феодалдары
- Ода Нобунага
- Тоэтоми Хидэеси
- Токугава Иэясу

- Князьдердің күш-қуаты олардың иеліктерінің экономикалық дамуына тікелей байланысты болды. Вотчиналарда егіншілікпен қатар қолөнер мен сауда да дамыды. Провинциядағы өздерінің жағдайын нығайтып алған қолөнер-сауда адамдары өнімдерін жергілікті және сондай-ақ астана рыноктарына да шығарып отырды.
 - Қала халқының экономикалық жағдайының нығайғандығы қалалық өзін-өзі басқарудың пайда болуынан көрініс тапты. Мұндай өзін-өзі басқару органдары портты қалаларда – Кюсю аралындағы Нагасаки мен Хакатада, Хонсю аралындағы Сакаи мен Осакада орын алды. Иодо өзенінің бойында, Бива көлінің, Ішкі, Жапон теңіздерінің жағалауларында, Тынық мұхиты жағалауларының өң бойында 30 еркін қалалар пайда болды.
 - Өз жерлерінде князь-губернаторлар толық құқылы қожалар болды. Алайда олар тек өз провинцияларында ғана тұрған жоқ, сондай-ақ астанада, Киотода өз резиденцияларын тұрғызды. Өйткені сегун олардың астанада тұруын талап етті, ал өздері астанадан кеткен кезде кепілдікке туыстарын тастап кетуге тиіс болды.
 - Астанада болған кездерінде князьдер сауда-өсімқор капиталымен байланыс орнатып, қосымша табыс көздеріне ие болып отырды, сондай-ақ астананың мәдени өміріне қатысты.
 - Губернаторлардың провинцияда ұзақ уақыт болмауын пайдаланып, оның вассалдары, "провинциалдар" деп аталып кеткен (кокудзин) жергілікті феодалдар өз ықпалын күшейте бастады. Олар сегунның жергілікті жерлерге жіберген өкілдерінің феодалдануы нәтижесінде (дзито), және сондай-ақ жерге отырғызылған, яғни егіншілікпен айналыса бастаған самурайлардан - "жер байларынан" және үлкен феодал үйлерінің кіші ұлдарының қатарынан қалыптасты.
- 1562 жылдан бастап Ода императормен елде "бейбітшілікті қалпына келтіру" жөнінде құпия келіссөздер жүргізген болатын. Осы келіссөздерден кейін 6 жыл өткенде Ода Киотоға келіп, ашық түрде императордың жағына шығып, оған үлкен көлемде ақша беріп, қаржыландыра бастайды.
 - 1571 жылы Ода Нобунага Хиэй тауындағы "Заңның сөнбес шырағы" деп есептелетін будда монастырын өртеп, осы арқылы шіркеу оппозициясына қуатты соққы берді, ал екі жыл өткеннен кейін, бұл кезде бүкіл іс жүзіндегі саяси ықпалынан айрылып қалған соңғы Асикаганы құлатты.
 - Өскерді азық-түлікпен қамтамасыз етуді жеңілдету үшін Ода 1558 жылы арнайы күріш паегін, яғни азық-түлік рентасын енгізді. Рентаның осы түрі феодалдық дәуірдің аяғына дейін сақталды.
 - Ода ел территориясының жартысына жуығын өзіне бағындырды. Жауланып алынған жерлерде шекаралық бекеттер алынып, кедендік алымдар жойылды. Бұл алым-салықтар сол провинциялардың феодалдары, сарай аристократиясы мен шіркеу иелері табысының негізі көзі болып отырған еді, сондықтан да бұл шара аталаған күштер тарапынан күшті қарсылыққа кездесті. Сондықтан да Киотодағы жойылған жеті кеден сарай аристократиясының бірнеше рет петиция тапсыруынан кейін қайта қалпына келтірілді. Бұдан Оданың өзі қызметтес болып отырған сауда капиталының мүдделерін қорғаудағы саясатының дәйексіздігін көруге болады. Бірақ Ода көптеген сауда капиталы өкілдерімен қызметтестікте болып, олардан қолдан келгенше жеңілдіктер жасап отырды. Оқпен ататын қару-жарақ өндірумен айналысып отырған Имаи деген көпеске Ода тұз дзасынан және теңіз өнімдерін өндіру ісімен айналысатын дзалардан салық жинау құқығын берді.

- Хидзеси бірқатар маңызды реформаларды іске асырды.
- 1568 жылы шаруаларды жерге бекіту туралы және салықтың мөлшері жайлы жарлық шығады. Жарлыққа сәйкес шаруа астықтың 1/3-нен атық емес, ал сеньор 2/3-нен кем емес бөлігіне құқылы болды.
- Шаруаларды тәуелділікке түсіру олардың қолынан қару-жарақты тартып алу шараларымен қатар жүрді. 1588 жылғы "Қылыштарға аңшылық" (Катанагари но рэй) деп аталып кеткен жарлыққа сәйкес шаруалардан тартып алынған қылыштар мен қанжарлар Ұлы Будда мүсінін тұрғызуға қажет шегелерді жасау үшін қайта балқытылды.
- 1591 жылы әлеуметтік-сословиелік ерекшеліктерді бекіткен жарлық шығады. Үш сословиелік әлеуметтік бөлінушілік бекітілді, бұлар: самурайлар (си), шаруалар (но) және қалалықтар (симин). Қалалықтарға көпестер мен қолөнершілер кірді, олар бұл дәуірде әлі өзара жіктелмеген болатын.
- Ең төменгі әкімшілік бірлік ретінде 1597 жылы бес аула (пятидворки) мен он аула (десятидворки) енгізіліп, осы аулалар ішінде бірі үшін бірі жауап беру тәртібі (система круговой поруки) бекітіледі.
- Осыдан бір жыл өткеннен кейін шаруалардан алынатын салықты көбейту үшін жер ауданы бірліктері қысқартылады. (тан 0,12 гектардан 0,09 гектарға дейін, ал те – 1,2-ден 0,9 гектарға дейін). Алайда салықтың бұрынғы мөлшері сол күйінде өзгеріссіз қала береді, нәтижеде, салық арқылы қанау шамамен 30 пайызға өседі.
- Хидзеси ақшалай рентаны (каммон) азық-түлік рентасына (кокудака) ауыстырды. Мұны іс жүзінде енгізген Ода Нобунага болатын, бірақ ол кезінде рентаның аты өзгертілмей, сол күйінше қалдырылды.

Дәріс 19. ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Иран (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс

Дәрістің мақсаты: Кейінгі орта ғасырлардағы Иранның қоғамдық-саяси дамуын қарастыра отырып ХҮІІ ғғ. орын алған саяси дағдарыстың объективті себептерін түсіндіру.

Негізгі сөздері: капиталистік қатынастар, ішкі рынок, ширваншахтар, тауар-ақша қатынастары, шаруалар көтерілістері, сефевилер, еуропалықтар.

Негізгі сұрақтар:

1. ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Иранның саяси жағдайы
2. Әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы өзгерістер
3. Аграрлық сектордың дамуы
4. Еуропалықтардың Иранға енуі
5. ХҮІІ ғасырдағы саяси дағдарыс.

Дәрістің қысқаша мазмұны:

ХҮІ ғасырдың басындағы Иранның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. Ширван шахтар мемлекеті. Сефевилер мемлекетінің құрылуы. Исмаил Сефеви және оның алғашқы жаулап алушылықтары. ХҮІІ ғасырдың бірінші жартысындағы феодалдық қатынастар. Саяси дағдарыс.

Бақылау сұрақтары:

1. Ширван-шахтар мемлекеті қашан орнықты?
2. Сефевилер мемлекетінің билікке келуі?
3. Саяси дағдарыстың негізгі себептері.

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Бартольд В.В. Иран. Исторический обзор. –Ташкент, 1926.
5. Брагинский И.С. Иранское литературное наследие. –М., 1984.

Қосымша әдебиет:

1. Материалы по истории туркмен и Туркмении. Под ред. В.В.Струве и др. Т. 2. ХҮІ-ХІХ вв. Иранские, бухарские и Хивинские источники. –М.-Л., 1938.
2. Памятники дипломатических и торговых сношений Московской Руси с Персией. Под ред. Н.И.Веселовского. Т.І-ІІІ. –СПб., 1890-1898.

3. Гафуров В.Г. Таджики. –Душанбе, 1989.
4. История Ирана с древнейших времен до конца XVIII в. –Л., 1958.

Дәріс 20. XVI-XVII ғғ. Түркия (Осман империясы) (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс

Дәрістің мақсаты: Кейінгі орта ғасырлардағы Түркияның қоғамдық-саяси дамуын қарастыра отырып осы кезеңде орын алған әлеуметтік-саяси дағдарыстың объективті себептерін түсіндіру.

Негізгі сөздері: әлемдік держава, капиталистік қатынастар, ішкі рынок, османдар мен мамлюктер, тауар-ақша қатынастары, шаруалар көтерілістері, Ресеймен қатынастары, еуропалықтар.

Негізгі сұрақтар:

1. XVI-XVIII ғғ. Осман империясының саяси жағдайы
2. Әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы өзгерістер
3. Аграрлық сектордың дамуы
4. Еуропа елдерімен қақтығыс
5. Осман империясының тарихындағы тоқырау.

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Осман империясының әлемдік державаға айналуы. Мұсылмандық Шығыс пен христиандық Батыс арасындағы бір-біріне қарсы тұрудың жаңа кезеңіндегі Түркияның ролі. Түркияның ислам әлеміндегі жетекші күшке айналуы. Османдар мен мамлюктер арасындағы қақтығыс. Түріктер мен Русь арасындағы қақтығыстар. Османдардың Батыстағы экспансиясының жалғасуы. Еуропадағы түріктердің басты қарсыластары. Әскер қатарындағы өкіметке қарсы көтерілістер. Балкандағы гайдуктер қозғалысы. Осман империясы тарихындағы тоқырау дәуірі (теваккуф деври), себептері.

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Байхаки Абу-л Фазл. История Масуда (1030-1041). Пер. С перс., введ., коммент. И прил. А.К.Арендса. –М., 1969.
5. Агаджанов С.Г. Сельджуки и Туркмения в XI-XII вв. –Аш., 1973.

Қосымша әдебиет:

7. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии в IX-XIII вв. – Аш., 1969.
8. Гасратян М.А., Орешкова С.Ф., Петросян Ю.А. Очерки истории Турции. –М., 1983.
9. Мейер М.С. К вопросу о происхождении тимара. –Формы земельной собственности и владения на Ближнем и Среднем Востоке. –М., 1979.
10. Новичев А.Д. К истории народного восстания в Турции под руководством шейха Бедреддина Симави. – Общество и государство на Балканах в средние века. – Калинин, 1980.

Дәріс 21. Араб елдері XVI-XVIII ғғ. (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс

Дәрістің мақсаты: Кейінгі орта ғасырлардағы араб елдерінің қоғамдық-саяси дамуын қарастыра отырып осы кезеңде орын алған әлеуметтік-саяси дағдарыстың объективті себептерін түсіндіру.

Негізгі сөздері: капиталистік қатынастар, ішкі рынок, османдар мен мамлюктер, тауар-ақша қатынастары, шаруалар көтерілістері, еуропалықтар.

Негізгі сұрақтар:

1. Араб жерлері үшін Түркия мен мамлюктік Египет арасындағы күрес
2. XVI-XVIII ғғ. Осман империясының құрамындағы араб елдерінің әлеуметтік-саяси жағдайы
3. Аграрлық сектордың дамуы, Тимарлық және зиаметтік жүйе.

4. Осман империясы құрамындағы Египет

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Осман империясының тарихындағы Араб жерлері үшін Түркия мен мамлюктік Египет арасындағы күрес. Мамлюктердің жеңілу себептері. Түріктердің Иракты, Сирия мен Египетті және Солтүстік Африканың басқа да елдерін өздеріне қаратуы. Осман империясы құрамындағы Ирак пен Шығыс Аравия. Ирактың Османдық Түркия мен Сефевилік Иран арасындағы күрес аренасына айналуы. Ирактың Осман империясының құрамына енуі. Бағдад, Мосул, Шахризар уәләяттарының құрылуы. Тимарлық және заметтік жүйенің енгізілуі. Осман империясының құрамындағы Сирия мен Ливан. Осман империясы құрамындағы Египет.

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Видясова М.Ф. Социальная структура доколониального Магриба: Генезис и типология. –М., 1987.
5. Иванов Н.А. Османское завоевание арабских стран. –М., 1981..

Қосымша әдебиет:

1. Прошин Н.И. Триполитания под властью испанцев и Мальтийского ордена. // Актуальные проблемы стран Арабского Востока и Северной Африки. –М., 1977..
2. Смилянская И.М. Социально-экономическая структура стран Ближнего Востока на рубеже нового времени. –М., 1979.

Дәріс 22. ХҮІ–ХҮІІ ғ. бірінші жартысындағы Индия (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс

Дәрістің мақсаты: Кейінгі орта ғасырлардағы Үндістанның қоғамдық-саяси дамуын қарастыра отырып осы кезеңде орын алған әлеуметтік-саяси дағдарыстың объективті себептерін түсіндіру.

Негізгі сөздері: Ұлы моғолдар, Акбар реформалары, капиталистік қатынастар, ішкі рынок, тауар-ақша қатынастары, шаруалар көтерілістері

Негізгі сұрақтар:

1. ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Ұлы моғол империясының саяси жағдайы
2. Әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы өзгерістер
3. Акбар реформалары
4. Еуропа елдерімен қатынастар
5. Ұлы моғол державасының тарихындағы тоқырау.

Дәрістің қысқаша мазмұны:

ХҮІғ. басындағы Солтүстік Индияның экономикалық және саяси жағдайы. Бабыр және Ұлы Моғолдар империясының құрылуы. Державаның саяси-әкімшілік ұйымы. Феодалдық жер иелену формалары. Акбар реформалары және олардың әлеуметтік-саяси маңызы. Ұлы Моғолдардың діни реформасы. Бахмани және Виджаянагар мемлекеттерінің дағдарысқа ұшырауы және ыдырауы. ХҮІ – ХҮІІғ. басындағы халық қозғалыстары. Діни реформаторлық қозғалыстар. Еуропалықтардың енуі. Ұлы Моғолдар державасының дағдарысқа ұшырай бастауы.

Негізгі әдебиет:

1. Бабур-намэ. Записки Бабура. Пер. М.Салье. –Таш., 1958.
2. Бернье Ф. История последних политических переворотов в государстве Великого Могола. –М., 1936.
3. Русско-индийские отношения в ХҮІІ веке. Сб. Документов. –М., 1958.
4. Азимджанов С.А. Государство Бабура в Кабуле и Индии. –М., 1977.
5. Алаев Л.Б. Сельская община в Северной Индии. Основные этапы эволюции. –М., 1981.

Дәріс 23. ХҮІ–ХҮІІғғ. Тропикалық және Оңтүстік Африка (1 сағ.)

Дәрісті өткізу формасы: Проблемалық дәріс

Дәрістің мақсаты: Кейінгі орта ғасырлардағы Тропикалық және Оңтүстік Африканың қоғамдық-саяси дамуын қарастыра отырып еуропалықтардың енуімен байланысты орын алған қоғамдық қатынастардағы өзгерістердің объективті себептерін түсіндіру.

Негізгі сөздері: Еуропалықтардың енуі, мали, сонгай, канем-борну, бенин, алтын жаға, піл сүйегі, құл саудасы, португалдықтар, француздар, ағылшында.

Негізгі сұрақтар:

1. Еуропалық держаалардың Африкаға енуі
2. Тропикалық Африканың элеуметтік-экономикалық дамуындағы өзгерістер
3. Оңтүстік Африканың элеуметтік-экономикалық дамуындағы өзгерістер
4. Африканың еуропа елдеріндегі алғашқы қорлану объектісіне айналуы

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Еуропалық державалардың Африкаға ене бастауы. Құл саудасы. Малидің саяси-экономикалық жағдайы. Сонгай мемлекетінің ішкі-сыртқы саясаты, экономикасы. Канем-Борну мемлекетінің көрші елдермен соғыстары. Бенин патшалығы. Алтын Жаға мен Піл Сүйегі жағалаулары мемлекеттерінің элеуметтік құрылымы, экономикасы. Ашанти конфедерациясы. Эфиопиядағы феодалдық қатынастар. Суданның элеуметтік-экономикалық, саяси жағдайы. Кейінгі орта ғасырлардағы Мадагаскар. Африкадағы португал отаршылдығы. Құл саудасының қиратушылық ықпалы. Африка мемлекеттерінің құлдырауы. Африканың капиталдың алғашқы қорлануы объектісіне айналуы.

Негізгі әдебиет:

1. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. –М., 1995.
2. Всемирная история. В 12-т. –М., 1956. т. 2.
3. Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. –М., 1998.
4. Видясова М.Ф. Социальная структура доколониального Магриба: Генезис и типология. –М., 1987.
5. Тысячелетия Восточного Магриба. –М., 1976.

Қосымша әдебиет:

1. Прошин Н.И. Триполитания под властью испанцев и Мальтийского ордена. // Актуальные проблемы стран Арабского Востока и Северной Африки. –М., 1977..
2. Аяш Ж. Очерки марокканской истории. –М., 1982.